



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӘЛ-АУҚАТТЫ АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОН БАСТАМА



Осы сәрсенбіде жетінші шақырылған Парламенттің екінші сессиясы ашылып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына үшінші жолдауын жасады. Бұл жолдау Президенттің былтырғы жолдауының жалғасы, тіпті оның толықтырылған нұсқасы деуге болады.

(Соңы 3-бетте)



ЖАҚСЫ АДАМ МЕН
ЖАҚСЫ ІС –
ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ

5-бет



ЖАПЫРАҚҚА
ЖҰҚҚАН ҚАН

8-бет

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СИМПОЗИУМ

АСТАНА ТӨРІНДЕГІ АЙТУЛЫ ШАРА

2021 жылғы 27 тамызда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Конституция күніне арналған «Интернет дәуірі: Құқық үстемдігі, Адам құндылықтары, Мемлекеттік Тәуелсіздік» тақырыбындағы Халықаралық симпозиум онлайн режимінде өтті. Іс-шараны Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі «Астана» Халықаралық қаржы орталығымен бірлесіп ұйымдастырды.

Халықаралық симпозиумды Конституциялық Кеңес төрағасы Қайрат Мәми ашып, кез келген мемлекетте Тәуелсіздік – бүкілхалықтық құндылық екенін атап өтті. Республиканың қолданыстағы Конституциясы Тәуелсіздік контурын түпкілікті рәсімдеді және барлық салалардың жедел дамуы үшін қолайлы жағдай жасады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың құттықтауы іс-шараға ерекше мән берді. Онда атап көрсетілгендей, мемлекеттің дамуы Конституцияға сәйкес келеді. Қазіргі заманғы мемлекет пен азаматтық қоғам жолындағы барлық ірі жетістіктер халықтың ерік-жігерімен қабылданған Ата Заңға негізделген.

(Соңы 2-бетте)

АҚ ПЕН ҚАРА

ҚИРАҒАН ҮЙ ҚАЛПЫНА КЕЛЕР, АЛ АРЫСТАР ОРАЛМАЙДЫ

Жылдар бойы атом бомбасының жарылысынан көз ашпай келген қазақ даласындағы дүмпулер тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде де басылар емес. Бұл жолы халық қоймаларда сақталған оқ-дәрілердің жарылуынан зардап шегіп жатыр. Күні кешегі Арыс қаласындағы әскери базадағы жойқын жарылыстан екі-ақ жыл өткенде дәл осындай жағдай қасиетті Тараз жерінде қайталанды.

Жарылыс қаупі болмаған...

Дәлірек айтсақ, 2021 жылдың 26 тамызы күні кешкі сағат 19.00 шамасында Жамбыл облысының Байзақ ауданындағы №28349 әскери бөлімнің оқ-дәрі қоймасынан өрт шығып, үлкен жарылыс болды. Төтенше жағдайлар министрлігінің баспасөз қызметі

таратқан мәлімет бойынша, оқыс оқиға кезінде жалпы ауданы 697 шаршы метр болатын қойма ғимаратын жалын шарпыған, жарықшақтардың ұшу радиусы 2 шақырымға дейін жеткен.

Жарылыс салдарынан қаза болғандар саны бүгінгі таңда 15 адамға жетті. Қаза болғандардың арасында өрт сөндірушілер, Төтенше жағдай министрлігінің, әскери бөлімнің, әскери күзет пен әскери прокуратураның қызметкерлері бар. Қазір жоғалған

тағы бір адамды іздеу жалғасып жатыр. Сонымен қатар орын алған апаттан 98 адам түрлі деңгейдегі жаракат алған. Олардың алды сауығып, үйлеріне шыға бастады.

Қорғаныс министрлігі жарылыстың орын алуына қоймада қауіпсіздік талаптарының сақталмауы немесе химиялық реакциямен өздігінен тууы әсер етуі мүмкін деген пікір білдірді. Тіпті диверсия, яғни қасақана өрт қою себебінің болуын да жоққа шығармады. Сонымен қатар министрлік 10 жарылыс болғанын, әскери бөлімнің қоймаларында 2019 жылы Арыс қаласында болған өрт пен жарылыстан кейін әкелінген оқ-дәрілердің сақталғанын растады.

(Соңы 4-бетте)

ЖОЛДАУДАҒЫ ТАПСЫРМАЛАР МІНСІЗ ОРЫНДАЛУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Мақсат ЖАҚАУОВ, ҚазҰПУ, Рухани жаңғыру орталығының жетекшісі, аймақтаушы:

– Биылғы жолдауында Мемлекет басшысы күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелерге тоқталып, шешу жолдарын ұсынды. Бұлар бір күннің ішінде туындаған мәселелер емес. Әсіресе, пандемияға байланысты әлеуметтік блоктағы мәселелер қордалана түскен болатын. Коронавирус денсаулық сақтау саласы үшін үлкен сынақ болды. Дегенмен, былтырғы жолдауда айтылған қаржы, экономика, денсаулық саласы, вакцинация мәселесі белгілі бір деңгейде нәтижесін көрсетті деп айта аламыз. Индетпен күресу шаралары дереу қолға алынып, Қазақстан – коронавирусқа қарсы вакцина жасап шығарған мемлекеттің біріне айналды. Екіншіден, педагогикалық бағыттағы бастамалар бойынша жұмыстар атқарылып, заңнамалар қабылданып, педагог мамандығына деген сұраныс артып, оны дайындайтын университеттерге талап қойылды.

1 қыркүйек күні Парламент палаталарының бірлескен отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына кезекті жолдауын жариялады. Бұл жолы да қоғамды алаңдатқан мәселелер айтылып, түйін шешуге қадам жасалды. Ал Президент жүктеген міндеттер орта жолда қалмау үшін не істеген жөн?

жоба мемлекет тарапынан қолдау тапты. Бұл 150 мыңнан астам жұмыс орнын ашуға және сақтап қалуға септігін тигізді. Енді, осы бағыттағы қаржыландыру процесіне 1 трлн теңге бөлінетінін атап өтті. Осындай уақытта экспорттағы өңдеуші өнеркәсіп саласының үлесін бір жарым есеге арттыру көзделуде. Сонымен қатар Ұлттық қордағы мәселеге де тоқталды. Үкімет пен Ұлттық банкке жыл соңына дейін Мемлекет қаржысын басқару тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырды.

Мақсат ХАЛЫҚ, GSB UIB бизнесті талдау орталығының сарапшысы:

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл жолғы жолдауында елдің алдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарына жіті тоқталып өтті. Экономикамызды әртараптандыруға байланысты қолға алынған «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы өзінің тиімділігін белгілі бір деңгейде дәлелдеді деп ойлаймын. Оны жүзеге асыру барысында 3,5 мыңнан астам жоба іске қосылды. Сондай-ақ, 70 мың жұмыс орны ашылды. Ал «Бизнесстің жол картасы» бағдарламасының арқасында 66 мың

(Соңы 3-бетте)

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СИМПОЗИУМ

АСТАНА ТӨРІНДЕГІ АЙТУЛЫ ШАРА



(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы симпозиум тақырыбының өзектілігін атап өтіп, цифрлық дамудың ауқымы мен жылдамдығы халықаралық қоғамдастықтың алдына азаматтың іргелі құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз ету, оның заңды мүдделерін қорғау, цифрлық теңсіздікті жою, қоғам мен мемлекеттің цифрлық тәуелсіздігін сақтау сияқты маңызды міндеттер қойып отырғанына назар аударды.

Форумға қатысушыларға Еуропа кеңесінің құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссиясының (Венеция комиссиясы) Президенті Джанни Букиккио, Еуразиялық экономикалық одақ сотының төрағасы Э.Айриян және Германия халықаралық құқықтық ынтымақтастық қорының бас директоры Фрауке Бахлер құттықтау сөз арнады.

Симпозиум жұмысы цифрландыру және ұлттық егемендік, интернет жағдайында адамның құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктері, сон-

дай-ақ, мемлекеттік органдардың қоғам мен адам алдындағы жауапкершілігін арттыру мәселелеріне арналған үш сессиясы өтті.

Бірінші сессияда Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің төрағасы, «Астана» Халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Қайрат Келімбетов баяндама жасап, АХҚО-ның цифрландыру мен құқықтық жүйе эволюциясындағы ролі туралы айтып берді.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин цифрландыру және технологияларды дамыту саласындағы еліміздің жетістіктеріне тоқталып өтті.

Әлемнің барлық континенттерінен жиналған белгілі заңгерлер аталған тақырып бойынша тәжірибе алмасып, орын алған мәселелерді және оларды шешу жолдарын талқылады. Олар ЕҚЫҰ, Еуропа кеңесі, Венеция комиссиясы, Конституциялық сот төрелігі жөніндегі дүниежүзілік Конференция, ЕАЭО соты, Германияның Халықара-

лық құқықтық ынтымақтастық қоры, Германия Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі қоғамы, Халықаралық заңгерлер одағы секілді және т. б. халықаралық құрылымдардан қатысып отыр.

Спикерлер Әзербайжан, Алжир, Армения, Бангладеш, Беларусь, Болгария, Германия, Үндістан, Индонезия, Иордания, Корея, Қырғызстан, Латвия, Малайзия, Марокко, Молдова, Румыния, Сербия, Тәжікстан, Таиланд, Түркия, Өзбекстан, Украина, Франция және басқа да елдердің конституциялық әділет органдарының төрағалары мен судьялары болып табылады. Форумның жұмысын Конституциялық Кеңес төрағасы Қ.Мәми қорытындылады. Форумға қатысушылар Конституция – Тәуелсіздіктің негізі екендігіне және мемлекеттіліктің басты элементтерін қамтитындығына бірауыздан назар аударды.

Экономиканы, басқаруды және әлеуметтік өмірдің басқа да сегменттерін цифрландыру жағдайында құқық қазіргі заманғы технологиялардың әсер ету объектісіне айналды, бұл белгілі бір дәрежеде бұрын қалыптасқан ұғымдар мен институттарды қайта қарастыруды қажет етеді.

Ақпараттық технологиялар бірінші кезекте адамның конституциялық құқықтарын іске асырудың тиімділігін арттыруға қызмет етуі тиіс. Осы қиын-қыстау пандемия кезеңі цифрлық құралдар халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етудің қажетті деңгейін сақтауға мүмкіндік бергенін көрсетті.

Олардың пікірінше, конституциялық бақылау органдары конституциялық құндылықтарды жүзеге асыруда, дамытуда және қорғауда маңызды рөл атқарады. Әлемнің жетекші құқықтанушылары жаһандық сын-қатерлерге жауап іздеу мақсатында ынтымақтастықты одан әрі күшейту қажеттілігін қолдайды.

Қазақстан Конституциялық Кеңесінің Азиялық Конституциялық соттар және балама институттар қауымдастығына екі жыл табысты төрағалық етуінен кейін 2021–2023 жылдарға арналған бұл миссия Моңғолияның Конституциялық сотына берілді. Ұйымның туын Моңғолияның төтенше және өкілетті елшісі Лувсан Баттулга салтанатты түрде қабылдады.

Моңғолия Конституциялық сотының төрағасы Чинбат Намжил Азиялық қауымдастықтың қарқынды дамып келе жатқанын және Азия құрлығында құқық үстемдігін орнықтыруға елеулі үлес қосып отырғанын мәлімдеді. Моңғолиялық тараптың күш-жігері алдағы екі жылда құрылымның әлеуетін одан әрі күшейтуге бағытталады.

Қонақтар қазақстандықтарды Тәуелсіздік мерейтойымен құттықтап, симпозиумды табысты өткізгені және Азиялық қауымдастыққа ойдағыдай төрағалық еткені үшін Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне шынайы ризашылықтарын білдірді.

А.ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»



ДАБЫЛ

ЖАЛҒАН ХАБАРДЫ ТАРАТҚАН КІМ?

Ақтөбенің бірқатар мектебінде 1 қыркүйек күні Аалғашқы қоңырау соғылмай қалды. Өйткені 6 білім мекемесіне «жарылғыш зат қойылғаны» жөнінде хабарлама түскен. Соған орай салтанатты шара тоқтатылды.

– 1 қыркүйек күні сағат 08.30 шамасында №2 мектептің электронды мекенжайына Ақтөбе қаласының 6 мектебінде (№1, 2, 21, 22, 51, 56 орта мектептер) бомба қойылғаны туралы хабарлама түскен. Барлық шұғыл қызметтер мен саперлер тобы дереу оқиға орнына шықты. Оқушыларды, оқытушылар құрамы мен жұмысшыларды эвакуациялау ұйымдастырылды. Полиция департаменті жалған хабарлама таратқан тұлғаны анықтауға және ұстауға бағытталған жедел іс-шаралар жүргізуде, – деп хабарлады облыстық полиция департаменті баспасөз қызметінің жетекшісі Ерболат Сарқұлов.

Облыстық білім басқармасының басшысы Жолдас Батырханның айтуынша, өңірдегі 418 мектептің 412-сінде салтанатты шаралар қалыпты жағдайда өткен.

– 1 қыркүйек күні жаңа оқу жылы барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып облыс көлемінде дәстүрлі форматта басталды. Бірінші сыныпқа қабылданған 18 784 бүлдіршінің 17 560-сына А.Байтұрсынұовтың әдістемесі негізінде әзірленген «Әліппе» мен «Букварь» оқулықтары салтанатты түрде табыс етілді. Өткен жылмен салыстырғанда быыл балалар саны 633-ке артып отыр. Мектепке қабылдау өтініштерін ата-аналардың 90% электронды форматта ұсынды, – дейді басқарма басшысы.

Қазіргі таңда орын алған оқиғаға орай ҚР ҚК 273-бабы «Терроризм әкiсi туралы жалған хабарлау» бойынша сотқа дейiнгi тергеу басталды. Егер күдікті табылса, бес жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Айта кетелік, бұл Ақтөбе мектептерінде болып отырған алғашқы оқиға емес. Биыл қаңтар айында белгісіз біреу №51 мектеп-гимназияның электронды поштасына ғимаратқа бомба қойылғаны туралы хат жолдаған еді. Бұл жағдай екі рет қайталанды. Алайда әлі күнге дейін жалған ақпарат таратқан адам табылмады.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

СУДЬЯ МІНБЕРІ



Зәуре ҚАЗАҚБАЙ,
Атырау қалалық
№2 сотының судьясы

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев өзінің Қазақстан халқына арнаған бытырғы жолдауында өкімшілік әділеттің маңызына ерекше мән беріп, мемлекеттік құрылымдардың әрекеті мен әрекетсіздігіне қатысты дау айтқанда жеке және заңды тұлғалардың теңсіздік ахуалында болатынын сынға алған еді.

ЗАҢ АЛДЫНДА БӘРІМІЗ ТЕҢБІЗ

Өмірдің өзі көрсетіп отырғандай, еліміздегі мемлекеттік органдардың кадрлық, материалдық, әкімшілік мүмкіндіктері мен жеке арызданушылар мүмкіндігінің арасы жер мен көктей. Сондықтан сотқа жүгінуге тиісті көптеген азаматтар өз құқықтарын дәлелдеудің қаншалықты қиын екендігін білгеннен кейін мемлекеттік орган жұмысына қатысты арыз-шағым беруден жасқанады, кейде саналы түрде бастартады. Шындап келгенде кейбіреулер мұны босқа уақыт өткізу, өнбейтін тірлік деп санайды.

Ендігі жерде жағдай мүлдем басқаша. Қолданысқа енген жаңа кодекс қағидаттары бойынша бұған дейін орын алған жоғарыдағы кемшіліктерге Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі аясында тосқауыл қойылды. Ол қоғамда оң пікір туғызып, тұрғындардың қолдауына ие болуда. Сөйтіп, кодекс мемлекеттік құрылымдар мен қарсы тараптар арасындағы теңсіздікті жойды. Нәтижесінде сотта жария-құқықтық дау қаралған кезде мемлекеттік құрылымдар мен қарапайым азаматтар бірдей мүмкіндікке ие болды. Заң алдында әр тараптың мүмкіндігі теңестірілді. Сол сияқты ендігі жерде мемлекеттік құрылымдар мен квазисектор өкілдері енді тек жауапкер болады да, дәлелдер жинақтау, айғақтар іздеу, ұсыну соларға жүктеледі. Ал сотқа процестік құқықтарын теріс пайда-

ланып, процестік міндеттерді орындамаған тұлғаларға ақшалай айыппұл өндіріп алу құқығы берілуі көптеген қолбайлаушылықтарды босатты.

Ерекше бір атап өтетін жаңалық – кодексте тараптарды татуластыру, дауды бітімгершілік жолымен шешу шараларын қолдануға мүмкіндік беріліп отыр. Оған қоса судья белсенділігінің күшейтілуі де жағымды өзгеріс. Бұған дейін істі қарайтын судья қос тарап ұсынған дәлелдермен ғана шектелетін. Оның шеңберінен аттап өтуге заңдық тұрғыдан мүмкіндігі шектеулі болды. Жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске сай судьялар ендігі жерде істі жан-жақты тексеріп, әділ шешім шығару үшін өзі қажет деп тапқан құжаттар мен дәлелдерді, қосымша ақпараттарды сұратуға, талап етуге құқылы. Жаңа кодексте судья заң бойынша шешім шығарған соң, оның орындалуын да тікелей қадағалайды. Мемлекеттік лауазымды тұлға немесе жауап беруші тарап сот шешімін орындамаған жағдайда олардан 50-ден 100 АЕК мөлшерінде айыппұл өндіріледі. Сот шешімі орындалмайынша, судья жауапкерді – лауазым иесін жауапкершіліктен босатпайды.

«Заң біз арқылы күшті, ал біз заңның көмегімен мықтымыз» – деп, ежелгі грек ойшылы Демосфен айтқандай, заң баршамаңызға ортақ және оның талаптарын бәріміз бірдей бұлжытпай орындауға міндеттіміз.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӘЛ-АУҚАТТЫ АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОН БАСТАМА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Білім саласындағы басты мәселенің бірі – ұстаздар жаалақысын 2021 жылы 25 пайызға көбейту жөнінде шешім қабылдады. Индет жағдайында медициналық қызметкерлерге түскен салмақты ескере отырып, оларға төлемақы ретінде 150 млрд теңге қаржы бөлуге пәрмен берді. Үкіметке басқару, ұйымдастыру ісінің тиімділігін арттыру, қаржының шығынын азайтып, экономиканың дамуын қамтамасыз ету үшін елдегі мемлекеттік бағдарламалар мен шеңберліктер санын қысқартуды міндеттеді. Тұрғындарға зейнетақысының бір бөлігін үй алу, емделу үшін пайдалануға немесе қаржы ұйымдарының басқаруына беруге рұқсат етілді. Әрбір кәсіпкер үшін тең мүмкіндік жасап, нарықты монополиялауды тоқтатуды міндеттеп, осы мақсатта Президентке тікелей бағынатын Баскелестікті қорғау және дамыту жөніндегі агенттік құруды тапсырған еді. Сонымен қатар Ішкі істер қызметінің тиімділігін арттыру үшін оның құрылымын қайта қарауды да тапсырды. Табиғи және техногендік апаттар дәуіріне енгенімізді ескере отырып, Төтенше жағдайлар министрлігін қайта құру жүктелген болатын. Бүгінде бұл тапсырмалардың бірқатары жүзеге асып жатыр.

Үкімет инфляцияның алдында қауқарсыз

Мемлекет басшысының биылғы жолдауы да халықтың әл-ауқатын арттырып, әлеуметтік тұрақтылықты сақтау, ұлттық экономиканы нығайтуға бағытталды. Бұл ретте басты назар мемлекеттің қаржы жүйесіне аударылды. Осыған орай жоғарғы заң шығару органына да үлкен жауапкершілік артылып, таяу уақытта қабылдануы тиіс заңнамалар айқындалды. Бұл әрине кездейсоқтық емес еді. Өйткені, соңғы кезде бюджеттің шығыс бөлігіндегі міндеттемелерді орындау үшін қаржы тапшылығы ұлғайып, Ұлттық қордан алынатын трансферттер көбейгені шындық. Осыны назарға салған Президент мемлекеттік шығыстың ауқымын және оның тиімді жұмсалынын бақылауда ұстау керектігін мәлімдеді. Ұлттық қордың активтерін қалпына келтіру үшін бюджет ережесін тездетіп енгізіп, бұған қажетті заңнамалық өзгерістер осы жылдың соңына дейін қабылдануы тиіс. Үкімет пен Ұлттық банк жыл соңына дейін Мемлекет қаржысын басқару тұжырымдамасын әзірлеуі керек.

Сонымен бірге, тағы да экономиканы әртарапандыру, өндірілетін тауарлар түрін көбейтіп, экспорт географиясын кеңейту жөніндегі жұмыс жалғасады. Осы ретте әзірленіп жатқан «Өнеркәсіп саясаты туралы» заң өңдеу өнеркәсібінің алдында тұрған сауалдарға жауап беруге тиіс. Мемлекет басшысы жекелеген ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындар шығынға батып жатса да олардың бірінші басшылары жауапкершілік арқаламайтынын, инфляцияның бақылаусыз өсіп бара жатқанын, Үкімет пен Ұлттық банк бәрін әлемдік үрдіске жауып, инфляцияның алдында қауқарсыздығы танытып отырғанын, екінші деңгейдегі банктердің шағын жобаларға, әсіресе, ауылға арнап ақша салмайтынына ба-зына айтты.



Баға бақылануы керек

Азық-түлік бағасын төмендетіп, қауіпсіздігін арттыру ауылшаруашылығына жасалған жағдайға байланысты. Президенттің сөзінен түйгеніміз оның тапсырмасымен құрылған көтерме-тарату орталықтарының желісі ауыл шаруашылығы тауарының шағын өндірушілеріне, соның ішінде, жеке қосалқы шаруашылықтарға да қолжетімді болмай отыр. Сонымен бірге, өнім өндірушіден тұтынушыға дейінгі аралықтағы бағаның бәріне бірыңғай бақылау жасау қиын. Қазір осы жұмысқа бірнеше мекеме жауапты. Әр жолы баға шарықтағанда олар байыппен сараптама жасап, тиімді шаралар қабылдаудың орнына бір-біріне сілтей бастайды. Мемлекет басшысы үкіметке осы жұмысты ретке келтіруді тапсырды. Оның айтуынша, жауапкершіліктің ара-жігін ажырату керек. Бір мекемені басты орган ретінде айқындап, өзгелерінің өзара іс-қимылын нақты белгілеу қажет. Сонымен қатар, Президент ауа райының қолайсыздығына орай туындап отырған қиындықтарды шешу үшін жем-шөп дайындауға қажетті жер көлемін кеңейту, егіс алқабына әр жылы әртүрлі дақыл егу талабын сақтаудың маңыздылығын атап көрсетті.

– Өкімдер түрлі себептерді сылтауратып, ықпалды адамдардың ығына жығылып, бұл мәселені шеше алмай отыр. Үкімет құзырлы органдармен бірлесіп, осы ахуалды өзгертетін бағытты шаралар қабылдауға тиіс. Олардың құқықтық мәртебесі және көрсетілетін қолдау тәсілі «Жеке қосалқы шаруашылықтар туралы» бөлек заңда көрініс табуы керек. Үкімет бұл заң жобасын өте қысқа мерзімде әзірлеуге тиіс, – деп түйді.

Сырттан төнетін қауіпті модельдеу айрықша өзектілікке ие

Жолдауда Мемлекет басшысы Ауғанстандағы ахуал және жаһандық шиеленістің күшеюіне қатысты да өз ұстанымын білдіріп, нақты міндеттерді айқындады. Оның айтуынша, бұл үрдіс бізге қорғаныс өнеркәсібі кешенін және Әскери доктринамызды толығымен қайта қарауға міндеттейді. Біз сыртқы қатерге және оқиғаның қалай өрбуіне дайын болуымыз керек. Сырттан тө-

нетін қауіпті модельдеу айрықша өзектілікке ие болуға.

Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру, вакцинациялаудың дер кезінде жүзеге асуы қажеттігін Президент шегелеп айтты. Қазақстан – коронавируспен қарсы вакцина жасап шығарған әлемдегі санаулы мемлекеттің бірі. Біздің вакцинамыздың тиімді әрі қауіпсіз екеніне еш күмән жоқ. Қазір QazVac-қа өзге мемлекеттер де сұраныс білдіруде. Елімізде вакцина қоры жеткілікті, азаматтарымыздың таңдау мүмкіндігі бар. Жаппай екеп салу жүріп жатқанымен, қоғамда оған қарсы әлі көп. Пандемия кезінде жоспарлы скринингтер мен ота жасау кейінге қалып жатыр. Бұрыннан бар стандартты екепкер көптеген балаларға салынбай калуға. Бұған жол беруге болмайды. Медицина саласына қомақты қаржы құю керек. Бұл қаражат инфрақұрылымға, маман даярлауға және халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге жұмсалып тиіс. Біздегі дәрі-дәрмек пен медициналық құрал-жабдықтың 17 пайызы ғана – отандық өнім. 2025 жылы оны 50 пайызға жеткізу қажет.

800 мектеп бой көтермек

Президент әдеттегідей білім саласына айрықша көңіл бөлді. Биылғы қаңтар айынан бастап педагогика саласы қызметкерлерінің жаалақысы 25 пайызға көбейгені белгілі. Мемлекет ұстаздарды қолдау саясатын әлі де жалғастыра береді. Қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде түлектің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін-ақ жеткілікті болып қалуы әбден мүмкін. Сондықтан, құзырлы министрліктің алдында оқу бағдарламаларын жаңа жағдайға бейімдеу міндеті тұр. Біздің білім беру жүйеміз қолжетімді әрі инклюзивті болуға тиіс. Тұрмысы төмен отбасында өсіп жатқан балаларға орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты аясында қолдау көрсету айрықша маңызды. Материалдық қолдау көрсету шараларын «Цифрлы ұстаз» білім беру жүйесімен толықтырған жөн. Білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар қажет. Мұғалімдерді қазіргідей 5 жылдан емес, 3 жылда бір рет қайта даярлықтан өткізіміз керек. Өйткені, олар шәкіртінің бойына жаңа білім сіңіре алатындай нағыз ағартушы болуға тиіс.

Мемлекет басшысы орта білім беру жүйесіндегі өткір мәселенің бірі – мектептердегі орын тапшылығына да назар

аударды. Оның айтуынша, бүгінде 225 мың оқушыға орын жетіспейді. Осыған орай 2025 жылға дейін кемінде 800 мектеп салуға тапсырма берілді. Сондай-ақ, ғылымды аса маңызды басымдық деген Президент жетекші ғалымдарымызға тұрақты және өз еңбегіне лайықты жаалақы төлеу мәселесін шешу керектігін алға тартты.

Мемлекет басшысы өңірлік саясатты жетілдіруге де тоқтады. Бұл ретте ол түрлі деңгейдегі әкімдердің батыл әрі дербес қадам жасауға қабілеті жетпейтінін, олардың орталыққа жалтақтап жұмыс істейтіндігін айтты. Осыған орай билік органдары жұмысының сапасына тұрғындардың көзқарасы туралы шынайы мәлімет алуға мүмкіндік беретін тәуелсіз әлеуметтік сауалнама жүргізу қолға алынбақ. Республикалық бюджеттен қаржы бөлу әкімдердің пысықтығына, қандай да бір жеке көзқарасқа және басқа да субъективті факторларға байланысты болмауы керек. Әкімдерді жергілікті бизнесті дамытып, инвестициялар мен салықтық базаны көбейтуге ынталандыратын өңірлердің қаржылық дербестігін арттыру жалғасын табуы керектігін айтты.

Әкімшілік әділет – сенімді нығайту кепілі

Адам құқығына әрдайым айрықша назар аударатын Тоқаев мырза бұл жолы да саланым кем-кегітін түгендеуді ұмытпады. Президенттің айтуынша, Қазақстан соңғы екі жылда заң үстемдігін орнатуда едәуір ілгері басты. Биыл қаңтар айында өлім жазасының күшін жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы Екінші факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы заңға қол қойылды. Енді Қылмыстық кодекстің нормалары Екінші факультативтік хаттаманың ережелерімен үйлестірілуі керек. Тиісті заң жылдың соңына дейін қабылдануы тиіс. Осы жаздың басында Президент жарлығына сәйкес Үкімет Адам құқығын қорғау жөніндегі кешенді жоспарды бекітті. Маңызды құжат Қазақстанда адам құқығын қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру үшін ұзақ мерзімді институттық негіз қалыптастырады. Атап айтқанда, кешенді жоспар қабылданғаннан кейін гендерлік теңдікті қамтамасыз ету үшін белсенді жұмыс басталды. Осыған орай әйелдердің қоғамдағы экономикалық және саяси ұстанымын барынша қолдауды қамтамасыз еткен жөн. Бұл жұмысқа Президент Әкімшілігі жауапты. Құқық қорғау жүйесінде елеулі өзгерістер басталды. 2021 жылғы 1 шілдеден бастап Әкімшілік әділет жүйесі жұмыс істеуде. Бұл ин-

ститут мемлекеттік аппарат пен азаматтардың өзара қарым-қатынасын жаңадан қалыптастырады. Сот қызметінің заманауи үлгісі енгізіліп, артық сот үдерістері қысқартылуда. Заңнамадағы барлық қайшылықтар мен көмескіліктер азаматтар мен бизнестің мүддесіне орай түсіндірілетіні заң жүзінде қамтамасыз етілді. Үш буынды модель енгізілгеннен кейін қылмыстық процеске қатысушыларды қорғау күшейді. Осы жылдың басынан бері екі мыңнан астам азаматты қылмыстық жауапқа негізсіз тартуға жол берілген жоқ. Прокурорлық қадағалаудың жеделдігі артты. Негізсіз шешімдердің 98 пайызы үш тәулікте ішінде күшін жойды. Енді прокурорлардың айыптау актілерін дайындау жөніндегі құзыретін біртіндеп кеңейте беру қажет. Бұл қадам олардың жауапкершілігін арттырып, тергеу нәтижелеріне құқықтық баға беру тетіктерін нығайтады. Алаяқтықтың көбеюіне байланысты азаматтардың наразылық білдіруі орынды. Бас прокуратура алаяқтыққа және қаржы пирамидаларына қарсы кешенді шаралар әзірлейтін болады. Балаларға, соның ішінде ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға қарсы жыныстық қылмыстардың алдын алу және оның жолын кесу ерекше бақыланбақ.

Өскелең ұрпақтың болашағына қауіп төндіретін тағы бір қатер – есіртікті заттарының, соның ішінде синтетикалық есірткінің таралуы. Осыны айтқан Президент Құқық қорғау органдарына бұл қатердің азаматтар арасында, әсіресе, жастардың ішінде таралуына барынша тосқауыл қоюды тапсырды. Азаматтардың құқығын қорғағанда құқық қорғаушылардың, соның ішінде адвокаттардың құқығы туралы да ұмытпаған жөн. Олардың қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, жұмысына кедергі келтіретін заңсыз әрекеттердің жолын кесу қажет.

«Қазақ тілінің өрісі шектеліп бара жатыр» деуге негіз жоқ

Президенттің пайымдауынша, қазақ тілі шын мәнінде білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналуда. Сондықтан, қазақ тілінің өрісі тым шектеліп бара жатыр деуге негіз жоқ. Ата Заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Ол – қазақ тілі. Орыс тілі ресми тіл мәртебесіне ие. Біздің заңнамаға сәйкес, оның қолданылуын шектеуге болмайды. Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс. Бұл отанымыздың басты белгісі деуге болады. Жастарымыз өзге тілдерді, соның ішінде орыс тілін жетік меңгеруден еш ұтылмайды. Қазақстан мен Ресей арасындағы шекара – әлемдегі ең ұзын шекара. Орыс тілі – Біріккен Ұлттар Ұйымындағы ресми алты тілдің бірі. Сондықтан, бұл мәселеге парасаттылықпен қарау қажет.

Мемлекет басшысы ұлтты ұйыстырып, игілікті мақсаттарға жұмылдыруда зиялыларға зор міндет артты. Жас ұрпақтың санасы бей-берекет ақпаратпен уланып жатқанда ұлт зиялыларының ұстанымы және белсенділігі маңызды екендігін еске салды.

ТҮЙІН

Сөзінің соңында Президент халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған он бастамасын жария етті. Олар 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жаалақы қазіргі 42,5 мың теңгеден 60 мың теңгеге дейін арттыру, мәдениет қызметкерлері, мұрағатшылар, кітапханашылар, техникалық қызметкерлер, қорықшылар, көлік жүргізушілер жаалақысын 2022 жылдан 2025 жылға дейін жыл сайын орта есеппен 20 пайызға өсіру, барлық азаматтардың санаты үшін қолжетімді болатын бірыңғай тұрғын үй бағдарламасын әзірлеу, зейнетақы жинағының жеткілікті мөлшерінің шегінен асатын бөлігін тұрғын үй сатып алу мақсатында оның әкімшісі болып бекітіліп отырған «Отбасы банкідегі» есепшотқа ауааруға рұқсат беру және тағы басқа да халықты әлеуметтік тұрғыда қолдауға бағытталған шараларды қамтыды. Тоқтатылған айтқанда, бұл жолдау елдің таяу мерзімдегі әлеуметтік-экономикалық саясатын айқындаған толыққанды құжат болды.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ЖОЛДАУДАҒЫ ТАПСЫРМАЛАР МІНСІЗ ОРЫНДАЛУҒА ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?



ОЙ ТАЛҚЫ
(Соңы. Басы 1-бетте)

Мақсат ЖАҚАУОВ, ҚазҰПУ, Рухани жаңғыру орталығының жетекшісі, аймақтаушы:
– Үшінші мәселе – цифрландыру. Осы күнге дейін, біз қандай да бір құжат үшін қағаз толтырып, сансыз есікті тоздыруға мәжбүр болатынбыз. Шындығында, ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін емес. Одан өзге Мемлекет басшысы Ауғанстаннан келетін қауіптің бар екенін анықтап өтті. Бұл да қазір өте өзекті. Биылғы жолдау барынша бүгінгі мәселелерді шешуге және 2025 жылға дейінгі бүкіл қоғамды кешенді стратегиялық жоспармен жұмыс істеуге үндеді десек те болады. Осыдан көріп тұрғанымыздай, Мемлекет басшысы берген тапсырма, қойған міндет орындалмай қалған жоқ. Тек осы ортақта істе жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін баршамыз атсалысуымыз керек.

Мақсат ХАЛЫҚ, GSB UIB бизнесті талдау орталығының сарапшысы:
– Бұл да маңызды тапсырмалардың бірі. Өйткені, соңғы кезде Ұлттық қордан өте көп қаражат бөлініп жатыр. Мәселен, өткен жылдың өзінде 407 триллион теңге, осы жылы 3 триллион теңге бөлінді. Егер дәл осы қаржымен жұмсала беретін болса, 2-3 жылда-ақ Ұлттық қордың түбі көрінбейді. Сондықтан, бұл сала да арнайы реттелуі қажет. Және де тағы бір маңызды жайттың бірі – мемлекеттің экономикаға араласуы жоғары және экономикада мемлекеттің үлес салмағы жоғары екендігі атап өтілді. Көптеген монополиялық компаниялардың бар екені және олардың тұтынушыларға дұрыс қызмет етпейтіндігі айтылды. Осыған орай, квазимемлекеттік секторды реттеу, ол жақтағы тиімсіз компанияларды жабу немесе оларды оптимизациялау мәселесі өте маңызды. Одан кейінгі маңызды мәселе халықтың, мемлекет, бюджет қызметкерлерінің, дәрігерлер мен педагогтардың жаалақысын арттыру мәселесі көтерілді. Ал жыл сайын жолдауларда жүктелген мәселелер қаншалықты шешімін табады? Мысалы, былтырғы жүктелген тапсырмалар бойынша, квазимемлекеттік секторды оңтайландыру үшін нақты шаралар қолға алынып, «Байтерек» және «ҚазАгро» холдингтерін біріктірді. Еңбелес компаниялар екі есе азайып, олардың штат санын бір жарым есе қысқартты. Зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану туралы бастама да өз жемісін берді. Осы шараның арқасында миллионнан астам азамат тұрғын-үй жағдайын жақсартты, кейбірі ипотекалық қарызын азайтты. Осының өзі мемлекет бастап, ел қолдаған жобалардың жерде қаламайтынын көрсетеді.



Сауалнаманы дайындаған Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ, «Заң газеті»

АҚ ПЕН ҚАРА

ҚИРАҒАН ҮЙ ҚАЛПЫНА КЕЛЕР, АЛАРЫСТАР ОРАЛМАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«ЖІГІТТЕР ӨЗ МІНДЕТІН АТҚАРДЫ»

Апатты оқиғаға байланысты арнайы құрылған комиссия өкілдері қазір жарылыс себептерін егжей-тегжейлі зерттеп жатыр. Қорғаныс министрлігі таратқан өрт себепінің болжалды нұсқасына сәйкес, өртенген қоймадағы инженерлік ок-дәрілер техникалық сипаттамаларына қарай жарылмауға тиіс. Сондықтан, әскери бөлімнің өрт сөндіру тобы алғашқы сәттен бастап-ақ жалынды сөндіруге кіріскен. Сонымен қатар, оқиға орнына жұмылдырылған жол-патрульдік қызметінің бөлімдері жақын маңдағы үйлердің тұрғындарын көшіруге көмектесті, оқиға аймағын қоршауға, әскери бөлімнің басқа объектілеріндегі күзетті күшейтуге кіріскен.

Әлеуметтік желіде жарияланған видеода өрт сөндірушілердің жарылыс алдындағы беймарал тірлігі бейнеленген. Тіпті жарылыс болатынын бейхабар, құрал-жабдығын дайындап, алаңсыз жүр. Ауруханадағы жаралы құтқарушы әскерилердің жарылатын ештеңе жоқ екендігін айтып, өздерінің қашып кеткені жайлы, сұхбат берген. Осыған орай Төтенше жағдай министрі Юрий Ильин: «Жігіттер өз міндетін

атқарды. Олар оқиға орнына келгенде қою кара түтін болды. Сондықтан біз осы өртті сөндіру үшін барлық жауынгерлік атқыш топты жинадық. Кейін не болғанын тергеу органдары анықтайды. Арыста жарылыс болған кезде барлығы қауіпсіз жерге жеткізілгенін білесіздер. Алғашқы мәліметке сәйкес, мұнда жарылыс қауіп болмаған», – деп пікір білдірді.

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ АЗА ТҮТУ КҮНІ

Жарылыс орнына алғашқылардың бірі боп жеткен Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев қауіпсіздік шараларын қолға алды. Алдымен апат аймағына жақын орналасқан 3 елді мекен тұрғындары эвакуацияланды. Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінің Тараз-Луговое жол бөлігінің тақ және жұп бағыттары бойынша жолаушылар мен жүк тасымалдаушы пойыздардың қозғалысы тоқтатылды.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 29 тамызды Жамбыл облысындағы әскери бөлімде болған жарылыс пен өрт салдарынан қаза тапқандарды жалпыұлттық аза тұту күні деп жариялады. Бұл күні Мемлекеттік ту төмен түсіріліп, таңғы сағат 10-да Қазақстанның барлық мешіттерін-



де қаза тапқандардың рухына құран бағышталды, бұқаралық ақпарат құралдарында көңілашар бағдарламалары мен ойын-сауық шаралары тоқтатылды. Айта кетсек, Тәуелсіздік алған 1991 жылдан бері Қазақстанда аза тұту күні осымен оныншы рет жарияланған екен. 26 тамызда Жамбыл облысының Байзақ ауданындағы ок-дәрі қоймасында орын алған өрт пен жарылыс салдарын анықтау жөніндегі Үкіметтік комиссия құрылып, оның алдына залалды бағалау және өрт пен жарылыс салдарын жою, зақымдалған инфрақұрылым-

ды қалпына келтіру, сондай-ақ зардап шеккендерге әлеуметтік қолдау көрсету бойынша міндеттер қойылды. Облыс басшысы Бердібек Сапарбаев БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында әзірге жөндеуді қажет ететін 118 жылжымайтын мүлік анықталғанын айтқан. Оның 106-сы – тұрғын үй, 12-сі – кәсіпкерлік нысан, 35 үйге күрделі жөндеу тағайындалған. Облыстық жедел штаб қалған 71 үйді жеңіл зақымдалды деп таныған. Бүгінде әкімдік пен Үкімет комиссиясы жөндеу жұмыстарына қанша қаржы қажет екенін анықтап жатыр. Сапарбаев

«екі ай ішінде бүлінген, қираған барлық үй қалпына келтіріледі» деп уәде берді. Жарылыстан кейін іле-шала отставкаға кетемін деп мәлімдеген Қорғаныс министрінің іс-әрекеті халықтың ашу-ызасын туғызғанына қарамастан, Мемлекет басшысы Н.Ермекебаевтың өтінішін қабылдап, қызметінен босатты.

ҚАЗА ТАПҚАНДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Ерен ерлік пен нағыз жанқиярлық көрсетіп, жарылыс орнында қаза тапқан әскери қызметшілер мен құтқарушылар Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев облыстық төтенше жағдайлар бойынша өрт сөндіру және апаттан құтқару қызметі басқармасы бастығының орынбасары болған полковник Мейіржан Аймановтың құрметіне «Халық қаһарманы» монументінің салына-тынын айтты.

Ерлік ескерілді дегенмен, бұл марапаттар қайғының бұлтын серпіп, есіл ерлердің артында аңырап қалған ата-анасына, сүйген жарлары мен ұл-қыздарына, ағайын-туыстарына қаза болған боздақтарын қайтармасы анық. Құзырлы органдар салғырттығының салдарынан қанша шаңырақ кара жамылды, талай сәби әкесіз қалды, қанша келіншек жесір атанды? Сонда күні кешегі Арыс оқиғасынан ешқандай қоры-тынды шығарылмағаны ма? Өткеннен сабақ алмағанымыз өкінішті...

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

БАЗЫНА

МЕКТЕПТЕ – БАЛАМ, КӨҢІЛДЕ – АЛАҢ

Еліміздегі эпидемиологиялық жағдайға қарамастан, жаңа оқу жылын дәстүрлі форматта бастадық. Дәл қазір мектептеріміз індет ошағына айналмас үшін барынша санитарлық талапты қатаң сақтау аса маңызды болып отыр. Жаңа оқу жылы қарсаңында әлеуметтік желілерде тараған «балаларыңызды мектепке жібермеңіздер» деп басталатын түрлі қауесет те халықтың көңілін күпті қылып қойды. Тиісті орындар тарапынан терісте берілмегендіктен, балалар денсаулығы үшін алаңдаушылық та бар.

Соның салдарынан ата-аналар баласын мектепке жіберейін десе, індеттен қорқып, үйде оқытайын десе, білім сапасына алаңдап пұшайман күйге түскен. Солардың бірі әнші Қарақат Әбдідина бірінші қыркүйек күні әлеуметтік желідегі парақшасына жазба қалдырды. «Былайша дайынбыз деп айтқанмен, «қалай болар екен?», – деген алаңдаушылық бар. Қорқынышты ақпараттар көп тарауда. Кейбір қорқынышты таспаларды соңына дейін тыңдай алмадым. Кім жазған? Мақсаты не? Негізсіз әңгіме мен неге халықты дүрліктіріп, жағдайды ушықтырады?! Елдегі жағдай болса мынау! Ауырып жатқандар саны азаймай тұр. Жан-жақтан, ұстаздардан сұрастырған едім, ешкім ештеңе білмейді. Түсініксіз күйде мектепке бара береміз бе сонда?! Сұрақ көп, жауап жоқ», – дейді әнші. Бұл қазір талай ананың көкейіндегі сұрақ. Оның үстіне, індеттің жаңа штаммының балалар арасында тез таралатынын естіген ата-аналар байыз таппай жүр.

Елімізде бір сыныпта 35-40 баладан отыратын мектептер әлі де көп. Осыны ескерсек, оқушылар арасында әлеуметтік ара қашықтық сақталмады деген сөз ертегідей естіледі. Бір сыныпта бір баладан індет анықталса, бүкіл сыныптың қашықтан оқуға көшетіні де күмәнді қоюлатады.

Жалпы, еліміздің мектептерінде жыл өткен сайын бала саны көбейіп келеді. Алматы қаласының іргесіндегі Кемертөған ауылында биыл бірінші сыныптардың саны 22-ге жеткен. 1200 орындық білім ордасына жаңа оқу маусымында 3800-ге жуық бала барды. Бала саны тым артып кеткен соң мектеп үш ауысыммен оқуы мүмкін. Қаланың орталығында да қазақ сыныптарының саны артып барады. Өйткені, қаланың ішінен бой көтеріп жатқан тұрғын үй кешендері өте көп. Алайда жаңадан ашылған аудандар мен ықшамаудандарды қоспағанда,

қала орталығында тәуелсіздік алғалы бір де бір жаңа мектеп салынбапты. Нәтижесінде сынып саны резекше созылып барады. Мәселен Алматының ортасында орналасқан М.Мақатаев атындағы №140 гимназияда бірінші сынып саны үш жыл бұрын 7 болса, қазір 11-ге жеткен. Тұрғындар тығыз орналасқан Ақсай ықшамауданындағы №123 мектеп гиназиясында да бір сыныпта 35-40 баладан білім алууда. Ал сыныптар саны 12-ге жеткен.

Білім күні Нұр-Сұлтан қаласының іргесіндегі Қосшыға арнайы барған Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов «Мен аймақтағы ең проблемалық мектептердің бірін әдейі таңдадым. Бұл оқу орнында бүгін 600-ден астам бала мектеп табалдырығын аттады. Әліппі бойынша 1-сыныптың реттілігі «Ы» әрпіне дейін жетеді. Білім ордасындағы оқушы орындарының саны 1200 білім алушыға қарастырылған. Оқу процесі үш ауысымда жүргізіледі. Дәл осы мәселені Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев

өзінің биылғы жолдауында айтқан болатын. Президент атап өткендей, урбанизация мен демографияның өсуіне байланысты 2025 жылға қарай оқушы орнының тапшылығы шамамен 1 миллион орынды құрайды» – деп пікір білдірді.

Бас мұғалім арнайы барған мектеп 1200 балаға арналғанымен, бүгінде 4000-дай бала білім алууда. Жалпы, еліміз бойынша биыл бірінші сыныпқа 394 мыңға жуық бала барыпты. Бұл сан жыл өткен сайын арта түсуде. Мектептер санын көбейту басты мәселенің біріне айналуы сондықтан. Ал дәл қазір індет өршіп тұрғанда шамадан тыс баланы бір орталыққа жинаудың салдары қандай болмақ?

Осы орайда айта кетер жайт, қоғамның сұранысын түсінгендіктен қазір елімізде жекеменшік мектептер көбеюде. Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Л. Жылқыбаеваның айтуынша, Алматыда 278 жалпы білім беретін мектеп бар, оның 207-сі мемлекеттік, 71-і жекеменшік. Тағы 8 жекеменшік мектеп 1 қыркүйек қарсаңында ашылған. Резекше созылған мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі оқушының көптігі мен олардың сапалы білім, жайлы және қауіпсіз жағдайына алаңдаған талай ата-ана балаларын жекеменшік мектептерге алып қашуда. Өйткені, олардың жарнамасының басы «бір сыныпта – 20 балаға» негізделген. 45 минут ішінде ұстаздың 40 баланың барлығына бірдей назар аударып, бәрінің сабақ түсінгенін қадағалауы мүмкін емесі анық. Сондықтан, ата-ананың жекеменшік мектепті жағалауы орынды. Бірақ Алматыдағы ең арзан мектептің оқу ақысы бір миллион теңгеге жетіп жығылады. Ал мұндай қаржыны екінің бірінің қалтасы көтере алмайды.

Сіз не дейсіз?



Ғалия ҚАЙДАУЫЛҚЫЗЫ, ҚР білім беру ісінің үздігі:

– Ата-ананың алаңдауы дұрыс. Расында да індет өршіп тұр. 1200 балаға арналған мектептерде 4000 бала білім алып жатқандықтан қауіпсіздікке қатысты күдіктің болатыны рас. Бәлкім, әліптің артын бағып, індеттің осы толқыны басылғанша күте тұру керек пе еді?! Қазір, шыны керек, ештеңе болжап болмайтын уақыт. Аяқ асты мектеп оқушылары арасында індет өршіп кетіп, ие бола алмай қалсақ, зардабын елестетудің өзі қиын. Бір қызығы балаларды бетпердемен ата-ана қамтамасыз ететіні айтылууда. Бетпердені әр екі сағат сайын ауыстыру керек. Талапты сақтап, бетпердемен қамтамасыз етуге бірді-екілі баласы бар ата-ананың мүмкіндігі келетін шығар. Ал 4-5 баласын мектепке жіберіп отырған ата-анаға бұл ауыр салмақ.

Оқушылар үзіліс кезінде ара қашықтық сақтамай ойнайды. Мұның бәрі індеттің өршуіне себеп. Былтырғы оқу жылында онлайн дәрістің кесірінен білім сапасын төмендетіп алсақ, биылғы дәстүрлі білім беру кезінде балаларымызды ауырып алу қауіп туындап тұр. Сондықтан, бүгінгідей мектеп тапшы, оқушы көп кезде дәстүрлі білім беру форматына көшу әбестік дер едім.

АЙМАҚ

ЖАМБЫЛДА 8 БІЛІМ ОРДАСЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Жамбыл облысында ағымдағы жылы 11 жаңа мектеп пайдалануға беріледі, оның сегізі бірінші қыркүйекке дейін ашылды. Бұл туралы «Білімді ұлт – мемлекет дамуының тұрақты кепілі» атты дәстүрлі облыстық тамыз кенесінде айтылды.

Кенесті облыс әкімі Бердібек Сапарбаев ашып, жүргізіп отырды. Аймақ басшысы саладағы атқарылып жатқан жұмыстардың ауқымдылығын атап өтіп, өзекті мәселелерді ашып көрсетті.

Облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Талғат Жамалов өз баяндамасында оң көрсеткіштерге тоқталды.

– Білім жүйесіндегі танымал сарапшылардың зерттеуімен бағаланатын TIMSS, PISA халықаралық зерттеулердің нәтижелері бойынша Жамбыл облысының оқушылары республикада көш бастап тұр. Биылғы жылы ҰБТ көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда 12,1 балла жоғарылап, орташа балл 83,2-ні құрады. Облыста 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу қамту 100 пайызды құрайды. Балаларды балабақшамен қамту үлесін арттыру үшін жекеменшік балабақша ашу жұмыстарын жалғастыру қажет. Биыл 1 апатты, 2 үш ауысымды, 2 оқушы орны тапшылығы бар, 2 тозығы жеткен мектептер мәселесі шешілмек. Сондай-ақ, осы жылы 16 білім нысанында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде, олардың 11-і жақын күнде аяқталады, – деді Талғат Жамалов.

Облыс әкімінің айтуынша, құрылыс, білім басқармалары күрделі жөндеу жұмыстарына тартылған жұмысшылардың санын көбейтіп, 2 ауысымда жұмыс істеуді қарастыруы қажет. Аудандар мен Тараз қаласының әкімдері жергілікті жердегі жөндеу жұмыстарының сапасы мен мерзімділігін бақылауы тиіс. Тағы бір назар аударатын өзекті мәселе – білім нысандарының қазандықтарын білім басқармасының құзырынан аудан әкімдіктерінің теңгеріміне өткізу. Аудан әкімдеріне білім нысандарының құжаттарын дайындауды тездетіп, 10 қыркүйекке дейін қазандықтарды теңгеріміне алу тапсырылған.

Сонымен қатар, аймақ басшысы, мектептер мен балабақшаларда бейнебақылау камералары толық орнатылғанын тілге тиегі етіп, турнирлер, дабыл түймесін орнату жұмыстарын жеделдетуді міндеттеді. Мектептерде мамандандырылған күзет мәселесін ұйымдастыру, қауіпсіздік ережелерінің қатаң сақталуы, ішкі істер органдары

жанындағы жедел әрекет ету штабымен біріктірілген бейнебақылау жүйесін орнату жұмысын аяқтау жүктелді.

Биылғы оқу жылында Жамбыл ауданында 700 баланы қамтитын «Техникалық шығармашылық және кәсіби бағдар беру орталығы» пайдалануға берілсе, Тараз, Шу қалаларында жыл аяғына дейін «Оқушылар сарайы» ашылады.

Сондай-ақ, облыстың барлық мектептерінде «Tulek.kz» сайты іске қосылған. «Жомарт түлек» форумы ұйымдастырылып, олар барлық аудандық деңгейде жалғасын табууда. Түлектердің табысты өмір жолын жас ұрпаққа насихаттау мақсатында «Түлектер орталықтары» ашылған.

– Түлектердің демеушілігімен жылдың аяғына дейін құны 2,7 млрд теңге болатын 67 жоба іске асырылады. Білім басқармасы, аудандар мен Тараз қаласының әкімдеріне «Жомарт түлек» жобасының идеяларын әрі қарай кеңінен насихаттау жұмыстарын жалғастыруды тапсырамын, – деді Б.Сапарбаев.

Облыс басшысы Назарбаев зияткерлік мектебінің оқу тәжірибесін басқа мектептерге енгізу жобасын тезірек жүзеге асыруды тапсырды. Сонымен қатар, Бердібек Машбекұлы жоғары оқу орындарында білім алып жатқан студенттерді өздерінің ауылдарына жіберу арқылы да маман тапшылығын шешуге болатынын ескертті.

– Президент тапсырмасына сәйкес жыл сайын педагогтардың жалақысы 25 пайызға өсуде. Қазіргі таңда облыс ұстаздарының орташа жалақысы 200 мың теңгені құрайды. Облысымызда тұңғыш рет педагогтардың әлеуметтік мәртебесін көтеру мақсатында ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Жамбыл облысының білім беру саласына сіңірген еңбегі үшін» деген құрметті атак берілетін болады. Сіздердің жас ұрпақ тәрбиелеу жолындағы абыройлы қызметтеріңізге алғыс білдіреміз, – деп сөзін түйіндеді Б.Сапарбаев.

Жыын соңында «Орта білім беретін үздік ұйым» грантының иегері атанған Тараз қаласының №8 гимназиясына 34 миллион теңгенің сертификаты табысталса, «Білім беру ұйымдары қызметтерінің тиімділігін бағалау» рейтингісінің нәтижесінде ең жоғары көрсеткішке жеткен төрт мектеп пен бір колледж 1 миллион теңгенің сертификатына ие болды.

Qazweek.kz
ақпарат агенттігі

ТУЛҒА



өзім куә болған бір-екі жайға токтала кетейін. Өздеріңіз білесіздер, 2020 жылғы наурызда қазақстандық білім беру жүйесі бүкіл әлем қатарында қашықтан оқыту режиміне көшті. Индет бұрынғы негіздер мен дәстүрлі тәсілдерді бұзып қана қоймай, жоғары оқу орындарында қашықтан оқытудың технологияларын, оқу және әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін енгізуді қажет етті. Осындай қиын кезде білім беру жауапкершілігі ЕҰУ-дың оқу ісі жөніндегі проректоры Еркін Оңғарбаевтың мойнына жүктелді. Жедел шаралардың арқасында университет оқу процесінде алдыңғы шепке шығып, пандемия кезеңіндегі оқу процесін ұйымдастыру тәжірибесі өзге отандық жоғары оқу орындарына үлгі болды. Еуразия ұлттық университеті төтенше жағдай режимін жариялаудың алғашқы күндерінде-ақ барлық профессор-оқытушылар құрамының үздіксіз жұмысын қамтамасыз етті. Осылайша, жиырмадан астам білім алушыны бұрын-соңды болмаған онлайн оқыту Оңғарбаевтың кәсібилігін бірінші орынға шығарды. Әуелгіде университет алдына компьютерлік ақпараттық көздер, электрондық кітапханалар, бейне және аудиотекалар, кітаптар мен оқу құралдарын камтитын оқу ақпараттық ортасын құру секілді күрделі міндеттер қойылды. Оқу са-

КӨЗҚАРАС

КҮРЕС НӘТИЖЕСІЗ ЕМЕС

Азаматтарына жайлы жағдай жасап, қауіпсіз орта қалыптастыру, ашық қоғам орнатып, болашаққа деген сенімді нығайту кез келген мемлекеттің басты ұстанымы. Қазақстан да өз тәуелсіздігін алған 30 жылдың ішінде осы бағытта кешенді жұмыстар жүргізіп келе жатыр. Әрі осы күнге дейін қолға алынған, жүргізілген бастамалар нәтижесіз деп те айта алмаймыз.



Еркебұлан АППАСОВ, Жаңаөзен қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының төраға міндетін атқарушы

Мысалы, посткеңестік елдер ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қадамын заңдық тұрғыдан бекіткен алғашқы мемлекет Қазақстан екенін мақтанышпен айтсақ болады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы заңды 1998 жылы қабылдай отырып біз кеселмен күрес еліміздің стратегиялық дамуындағы негізгі басымдықтың бірі екенін аңғарттық. Бірақ заман ағымына, қоғам талабына сай заңдардың толықтырылып, өзгертілуі қалыпта көрініс. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы заңның кем-кетігі уақыт өте келе айқындала түсті. Соған орай 2015 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» жаңа заң тәжірибеге енгізілді. Алғашқы заңнан жаңа құжаттың айырмашылығы үлкен. Кейінгі заңда кеселдің салдарымен емес, себебімен күресуге, түйткілдің алдын алуға басымдық берілген.

Сыбайластыққа тосқауыл қою мақсатында қолға алынған жаңашылдықтар аз емес. Соның ішінде ерекше атап өтуді қажет ететін бірнеше артықшылыққа тоқталғанымыз жөн. Айталық, Мемлекет басшысының бастамасымен қол астындағылардың жемқорлық әрекеттері үшін басшыларын қызметінен босату қағидаты енгізілді. Бұл жемқорлықты болдырмауға, кемшілікті жоюға көмектесетін

пәрменді тетік. Осылайша бір адамның қателігін ұжым болып реттеу, кемшілікке төзбеу дәріптеліп отыр. Мұндай өзгеріс басшылардың айналасына қолы таза, паракорлықтан бойын аулақ салағын білікті мамандарды топтастыруына жол ашады. Сонымен бірге, басшының жауаптылығын арттырып, әр дерекке бйдағаттылықпен қарауына көмектеседі.

Жемқорлықты жою мақсатында ынталандыру тетіктерінің енгізілуі де оң бастаманың бірі. Осының өзі кеселді жою үшін мемлекеттің қандай құралды пайдаланатынын, ешқандай материалдық ресурсты аямайтынын көрсетеді. Әрі дәл осы ұсынысты қолданып, айналасындағы жемқорлық деректерін құзырлы орындарға жедел жеткізіп жатқандар баршылық. Бірнеше жылдан бері үздіксіз іске асырылып келе жатқан бастама нәтижесінде бірталай құқықбұзушылықтың беті ашылып, жемқорлықты тежеуге мүмкіндік туды.

Мемлекеттік қызметтердің электрондық форматқа ауысуының да жең ұшынан жалғасуға кедергі келтіретіні рас. Оған соңғы жылдары жұмысына заманауи құрылғыларды батыл қолдана білген құзырлы орындардың оң тәжірибесі нақты дәлел бола алады. Мемлекеттік қызметтің электрондық форматта ұсынылуы – азаматтарды ұзын-сонар кезекке тұрудан сақтайды, уақытын, қаржысын үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қызметке деген сенімді қалыптастырады. Сыбайластықтан таза болудың бір кілті осында.

Ал күнделікті өмірінде жемқорлық жағдайларына тап болған жұрт шарасыз күйге түседі, әділдіктің бар екеніне сенбейді. Сондықтан, жегіқұртпен күрес науқандық шара, көзбояушылық үшін жасалған амал болмауы керек. Әрбір азамат сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің болашағына қауіп төндіретінін түсініп, кеселмен күреске белсене кіріскенде ғана әділ қоғам, қауіпсіз орта құра алады. Осыны жалпы жұртқа түсіндірген орынды.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ПӘРМЕН

АБАЙЛАҢЫЗ, БАЛАЛАР!



Міне жаңа оқу жылы да басталды. Соған орай балалардың қатысуымен орын алатын жол-көлік оқиғаларының алдын алу, сондай-ақ, балалардың көшелер мен жолдарда қауіпсіз жүріп-тұру дағдыларын нығайту мақсатында Қызылорда облысы көлемінде 2 кезеңнен тұратын «Абайлаңыз, балалар!» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтті.

Аталмыш шара барысында Қызылорда облысы Полиция департаментінің Әкімшілік полиция қызметі басқармасы жол және коммуналдық қызмет өкілдерімен бірлесіп жалпы білім беретін, мектепке дейінгі мекемелерге, қосымша білім беретін ұйымдарға және оларға жақын орналасқан аумақтардың көше-жол желісінің және жол жүрісін ұйымдастырудың жай-күйіне тексеру жұмысын жүргізіп, ұйғарымдар мен ұсыныстар жолдады.

Сонымен қатар, қауіпсіздік белдігін, көлікте балаларды тасымалдау жауаптылығын ескерту мақсатында түсіндіру жұмысы қолға алынды. Көлік жүргізушілер арасында «Сіздің жолаушыңыз – бала!» атты профилактикалық акция өткізілді.

Іс-шара барысында балаларды жол қауіпсіздігін сақтауға үйрету, жаңа ортаға бейімдеу үшін «Бірінші сыныпқа бағандарды жаяу жүргіншілер қатарына қосу», «Біз жолдағы қауіпсіздікті қолдаймыз!» және т.б. тақырыптарында дәріс ұйымдастыру көзделіп отыр. Бұған қоса, патрульдеу бекеттерін барынша оқу орындарына жақындату және оқытушылардың қауіпсіз жүріп-тұруын қамтамасыз ету үшін балалардың киімінде жарық қайтарғыш элементтерін (фликерлерді) орнату мәселесі бойынша үгіт-насихат акциясын ұйымдастыру жоспарлануда.

Қызылорда облысы Полиция департаментінің баспасөз қызметі

ЖАҚСЫ АДАМ МЕН ЖАҚСЫ ІС – ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын!» Осы сөз көп айтылады, көп жазылады, көп естиміз. Бала күннен құлаққа сіңіп қалған, өйткені қазақтың осы бір ауыз сөзінің арғы жағында «жақсы кісі» тұр. Ал жақсы кісіңіз жақсы маман болып жатса, ол екі есе қуаныш. Кейде жақсы кісі атанғанымен, жақсы маман немесе жақсы маманыңыз жақсы кісінің қатарынан табылмай жататыны бар. Енді екеуінің бір жерде қабысуы – кез келген жанның басына бұйыра бермейтін бақыт дер едім.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Еркін Әнуарұлы Оңғарбаев күнделікті жұмыс бабында жиындарда немесе жеке қабылдауларда қаншама адаммен кездесіп жатады. Олардың бірі, оқытушы-профессор, факультет деканы, кафедра меңгерушісі болса, енді бірі студент, магистрант, докторант, одан қалса – ата-аналар. Сонда байқағанымыз, бәрі «оқу-ісі жөніндегі проректордың алдынан шықтым, жақсы кісі екен» деп ерекше көңілмен, зор ықыласпен жылы пікірін білдіріп жатады.

Еркін Әнуарұлы Оңғарбаевтың өмір жолы – үлгі, өнеге. Спортты жанындай жақсы көреді. Футбол, волейболды шебер ойнайды. Ал хоккей – ең сүйікті спорттық ойыны. «Барыс» ойнап жатыр» десе ішкен асын жерге қояды. Жанкүйер болсаң, біздің Ереккендей бол! Сосын қазақтың халық әндері мен күйлері оның жан серігі. Балажандығы бір бөлек әңгіме.

Әрине, өмір бар жерде өмірбаян бар, ал өмірлік баяны еңбек жолынан өріледі: Қарағанды жоғары милиция мектебі бастығының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті оқу орындары басқармасының бастығы, Қазақ гуманитарлық заң университетінің проректоры, бірінші проректоры, «Парасат» ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі» АҚ басқарушы директоры, «Астана» университетінің ректоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқу-ісі жөніндегі проректоры, Бас прокуратура жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының бірінші проректоры, «Отандастар қоры» КеАҚ директоры, ҚР Білім және ғылым министрлігі жанындағы Ғылым комитетінің төрағасы, ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігіндегі Дін істері комитетінің төрағасы, тағы басқа еңбек жолдарын Е. Оңғарбаевтың өмірбаянынан көруге болады.

Еркін Оңғарбаев Ғылым комитетінің төрағасы кезінде елде ғылымды ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін, оның ішінде ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды реттейтін мәселелер қамтылған ҚР «Ғылым туралы» заңын әзірлеуге белсенді қатысты. Ал Дін

істері комитетінің төрағасы ретінде діни насихатты бақылау және осы саладағы заңнаманы сақтау мәселелерінде мемлекеттің рөлін күшейтуді қолдады. Соның негізінде діни саланы қоғамның қажеттіліктерін сақтай отырып реттейтін заңнамаға бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашы болды.

«Отандастар қоры» КеАҚ жұмысы кезінде шетелдік отандастарды қолдау, олардың мәртебесін арттыру және қазақ диаспорасымен байланыс орнату сияқты мәселелер бойынша ұлттық заңнаманы жетілдіруге белсенді атсалысты. Сонымен қатар, қоғамға қосқан өзге де үлесі мол: жоғары кәсіби заң білімі мен заң ғылымының дамуы, соның ішінде еліміздің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары болып саналатын Қазақ гуманитарлық заң университеті мен ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының қалыптасуының басы-қасында да әріптесіміз жүрді.

Еркін Әнуарұлы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Шетелдегі отандастарды мемлекеттік қолдау туралы» заң тұжырымдамалары жобаларының, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Шетелдегі отандастарды мемлекеттік қолдау туралы» заңдылықты нығайту және заңнаманы жетілдіру бойынша бірқатар заң тұжырымдамалары мен заң жобалары авторларының бірі. Қазіргі күні Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде оқу ісі жөніндегі проректор. Көптеген мемлекеттік наградалар және орден-медальдармен марапатталған. Олардың ішінде «Құрмет» ордені, «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері», «ҚР білім саласының құрметті қызметкері», «Қазақстанның құрметті заңгері», тағы басқа білім және ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін берілген министрлік, ведомство, қоғамдық ұйым наградалары өз алдына бір төбе.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 25 жылдығымен бірге келген мерейлі белесінде

бақтарын онлайн режимінде өткізіп, студенттердің білімін тексеру және қолдау процесін толығымен қайта құру қажеттілігі туды. Одан бөлек, техника тілін меңгеру дегеніңіз тағы бар, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер өз кезегінде экран арқылы жаңа өмір мен оқуға үйренуі керек болды. Міне, осының бәрі Еркін Әнуарұлының тікелей араласуымен жүзеге асты.

Ең маңызды шешімнің бірі – Цифрлық даму және қашықтан оқыту департаментін құру еді. Апта сайын онлайн форматта өндірістік кеңес өткізіп, онда оқыту процесін тиімді жалғастыру жөніндегі өзекті міндеттер, коронавирустың алдын алу жөніндегі іс-шаралар талқыланды. Оқу процесінде ақпараттық білім беру технологиясын пайдалануды кеңейту бойынша жұмыстарға белсенді жүргізілді. Қысқа мерзім ішінде мамандар қажетті нұсқаулықтар мен бейнероликтер дайындап, оқытушылар мен студенттер, магистранттар мен докторанттарға арналған оқыту вебинарларын ұйымдастырды. Қабылданған шаралар мен оқу процесін ұйымдастырудың нәтижелілігі «Қашықтан білім беру: жаһандық ауқымдағы жаңа сын-қатерлер» атты халықаралық конференцияны өткізгенде байқалды. Осы жиын барысында онлайн және қашықтан оқыту технологиясын пайдалану, студенттердің білімін бағалау әдістері кеңінен сөз болды. Қатысушылар білім беру қызметінде түрлі платформаларды пайдалану тәжірибесімен бөлісті. Бүгінгі таңда оқытушылар өз қызметін дыбыс және бейне конференциясыз елестете алмайды.

Мұның бәрін тәптіштеп айтып отырғанымыз, карантин кезеңіндегі қиындықтар мен сынақтардан өтуге Еркін Әнуарұлының жоғары білім беру жүйесіндегі ғана емес, басқа да салалардағы орасан зор кәсіби тәжірибесі көп септігін тигізді. Сөйтіп, жақсы жоспарланған және жүргізілген дайындық жұмыстарының арқасында ЕҰУ-да қашықтан оқыту және емтихан жоғары деңгейде өтті. Қабылдау комиссиясының да жұмысы нәтижелі аяқталып, биылғы жаңа оқу жылы дәстүрлі форматқа көшті.

Кәсіби шеберлік, кең ой-өріс, терен білім, іскерлік және адам қасиеттерімен қазақстандық, сондай-ақ Халықаралық ғылыми ортада лайықты бедел мен құрметке ие болу – жақсы кісінің жарқын портреті. Одан қалса, мерейлі белестегі Еркін Оңғарбаевтың көпқырлы ағартушылық және қоғамдық қызметі – жоғары, зияткерлік әлеуеттің және жұмысқа қабілеттіліктің үйлесімділігінің дәлелі.

Баубек СОМЖҮРЕК,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы, профессор

СҮЙЕГІ ҚАТҚАНДА АЛҒАН ТӘРБИЕНІҢ СІҢІМІ БОЛМАЙДЫ

Қазақ тілі – елдің қазынасы. Тіл – көңілдің бұлағы, ой – қоңырауы. Қазақтың екі сөзінің бірінен мақалы мен өсиеті қалмайды. Қазақ тілінің шырыны – бабалар өсиеті. Өлмейтін өсиетті естіген кеуде еріксіз тұлайды. Ол қасиетті қазақ тілінің құдіреті.

Елбасымыздың «Қазақ тілінің мемлекеттік қызметте де, өндірісте де, ғылымда да, білім беруде де дәл орыс тілінше қолданылуы үшін бәрін істеу керек» – деп айтқан пікірі барша қазақ елінің нақты мақсаты болуға тиіс. Қазақтың тілі – шексіз мұхит секілді, күллі әлемді қамтыса да бояуы өңін бұзбайтын, әлемдік тілдермен теңестіре қалса, нұқтасын бермейтін – Ұлы Тіл. Қазақ тілі – ұлтымыздың мақтанышы, елдің айнасы. Ұлтымыздың асыл қасиеті мен тектілігін дәріптеп, жеткізуші де ана тілі. Тілдің беделі бір күнде қалыптаспайды. Тіл беделі – ұлт мерейі.

Әрбір отбасы – өз алдына бір кіші мемлекет. Адам өз ұрпағы үшін өмір сүреді, ұрпағымен мың жасайды. Әр жас тұлға тәрбиені алдымен отбасынан алады. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін» – деп ұлағатты ой саптау да уыз тәрбие ықпалының құнын байыптап береді. Жас бөбектер кеудесін тіктемей жатып туған тілімен сусындаса, сол тілдің арқасында елдің тарихын, шежіресін, сөз киесін түсініп, ұлттық құндылықтардың бәрін естіп, көңіліне тоқып өседі. Сондай ортада есейген тұлға, өз тілінің де, өзге тілдің де бағын аша біледі. Өзін жарылқаған ұрпақтың

өзегі талмайды, сүйегі қатқанда алған тәрбиенің сіңімі болмайды. Қазақтың тілі – тектіліктің тұғыры, ол ұлттық намыс пен рухтың қайнар көзі. Өз тілін білмеген ұрпақ, алыстан бақыт тапқанмен, түптің түбінде өз кемшілігі үшін өкінетін болады. Өйткені, көп нәрсенің байыбына барып зерделей алмайды.

Ана тілді жетік меңгермеген ұрпақ, қазақы мінездің қадірін аяқ асты етеді. Мұның өзі ел ішіндегі мысық тілеулес топтардың бел алуына ықпал етеді. Өз ағасын ағаламаған, кісі ағасын бағаламайды. Ұрпақтың өмірлік танымы түбегейлі өзгеріп, адасқанын аңғармай қалатын тұсы осы. Туған елінің, өскен ортаның тектілігіне көзін жеткізе білген жан, ешқашан аңғалдыққа жол бермеген болар еді. Ата тарихты айызы қанып жетік білген қаны таза әр қазақ, «Мен қазақ болып туғанымна қуанамын», – деп мақтанышпен жар салып жатса, шіркін! Қазақ тілі дәл сондай сезімге лайықты тіл! Менің жүрегім үнемі осындай мақтанышпен соғады. Әр қазақ «жалғызым» деп ана тілін аяласа, елдің мәртебесі асқақтап, өсері көбейеді, ұрпақтың жұлдызы биікте маздайды.

«Аруана ботасын ертеді, ботасы өскен соң – анасын ертеді», – деп анасы көкжал, алмас қылыш Әйтеке би бабам бекер айтпаған. Келер ұрпақ туған тілінің мерейін көтеру үшін алдымен қоғам мектептегі оқулықтардың құндылығын арттыру қажет. Қазақ тілі оқулығын ғана алайық. Кеңес дәуіріндегі оқулықтың сапасымен қазіргі



қазақ тілін салыстырсақ, оқулықтарда тіл ережелері толық емес, оқушының қабылдауына да ауыр тиеді. Сынақ хаттар, шығармалар жазуға да сағаттар аз беріледі. Төл тілін білмеген, өз ойын еркін жазалмаған оқушы, басқа пәндерді жақсы қабылдай қоюы екі талай. Сондықтан, бәрін мектеп партасынан бастау, ата-ананың балаға деген жауапкершілігін арттыру, ұстаздың статусын көтеру мәселесін қайта қарайтын уақыт жеткен сынайлы. Біздегі бір кемшілік, жас ұрпаққа берілетін патриоттық тәрбие бір жүйеге түспеген. Осы саланы қайта ширату арқылы жастардың патриоттық рухын көтеруге болады.

Қазіргі қазақ тілі – жалпы әлемдік тілдік дамудың биік деңгейінде тұрған дамыған тіл. Ғылыми тарихи жүйемен қарайтын болсақ, біздің тіліміз қазіргі

адамзаттың үлкен тілдік арналарының ең бір жетілген саласы болып табылады. Республикамыздың дербестік алып, шын мәнінде тәуелсіз мемлекет болуын айтпағанның өзінде, «Тіл туралы» заң қабылданып, ол белгілі дәрежеде жүзеге асырылып жатқанда, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беріліп, бұл жайында Конституцияға арнайы бап енгізіліп отырғанда, еліміздің тазалығын сақтау, сөйлеу мәдениетін көтеріп, әрбір сөздің нормаға сай болуын және өз мағынасында дұрыс қолданылуын қадағалап отыру ерекше маңызды болмақ.

Бүгінгі таңда «Тіл тағдыры – ел тағдыры» деп түсініп, тілдің қоғам өміріндегі қолданысына, оның бүгінгі мен болашағына толғанатын біздің тіл жанашырларының тіл мәселесіне ерек-

ше назар аударып отырғаны анық. Тілді тіл ғылымы мен әдебиеттің нысаны етумен ғана шектелмей, бүкіл Қазақ елінің ұлттық сұранысы мен мемлекеттік мәртебесіне айналдыру – қашанда өзекті мәселе. Мемлекеттік тілге деген құрмет пен ықылас ұлттық сананың биігіне көтеріліп, жалпыхалықтық мүдде кеңістігіне шығу қажет.

Сол тіл мәселесі, оның ішінде мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілінің тағдыры жайында тіл маманы ретінде айтарым – Мемлекеттік тілімізді аман сақтап, ілгері дамыту үшін бәрімізге ұлттық сана, азаматтық биік тұғыр, мемлекеттік идеология қажет. Еліміздің экономикасы мен әлеуметтік мәртебесіне қажетті қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін мемлекеттік тіл мәселесіне ерекше назар аударып отырғаны анық. Тілді тіл ғылымы мен әдебиеттің нысаны етумен ғана шектелмей, бүкіл Қазақ елінің ұлттық сұранысы мен мемлекеттік мәртебесіне айналдыру – қашанда өзекті мәселе. Мемлекеттік тілге деген құрмет пен ықылас ұлттық сананың биігіне көтеріліп, жалпыхалықтық мүдде кеңістігіне шығу қажет.

Сол тіл мәселесі, оның ішінде мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілінің тағдыры жайында тіл маманы ретінде айтарым – Мемлекеттік тілімізді аман сақтап, ілгері дамыту үшін бәрімізге ұлттық сана, азаматтық биік тұғыр, мемлекеттік идеология қажет. Еліміздің экономикасы мен әлеуметтік мәртебесіне қажетті қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін мемлекеттік тіл мәселесіне ерекше назар аударып отырғаны анық. Тілді тіл ғылымы мен әдебиеттің нысаны етумен ғана шектелмей, бүкіл Қазақ елінің ұлттық сұранысы мен мемлекеттік мәртебесіне айналдыру – қашанда өзекті мәселе. Мемлекеттік тілге деген құрмет пен ықылас ұлттық сананың биігіне көтеріліп, жалпыхалықтық мүдде кеңістігіне шығу қажет.

Бота МҮСТАФИНА,
Батыс Қазақстан облысы
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының бас маманы

БАҒДАР

ҚОҒАМНЫҢ ЖОЛ КӨРСЕТУШІСІ



Әлемдегі кез келген тәуелсіз мемлекеттің ғасырлар бойы өз құнын жоғалтпай, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан заңдар жинағы болады. Осындай Ата Заң біздің елімізде де тәуелсіздікті нығайту барысында қабылданды.

Қазақстан Республикасы өзінің демократиялық, зайырлы мемлекет екенін Ата Заңы арқылы бүкіл әлемге танытты. Конституция егемен мемлекеттің конституциялық дамуының жаңа кезеңіне жол ашқан заңнамалық акт болды. Ата Заңның қабылданыуы конституциялық құрылыстың саяси-құқықтық негізін қалады, мемлекеттік тетік және қоғамдық, саяси жүйенің негізгі қағидаттарын орнықтырды. Адам мен азаматтың конституциялық мәртебесін белгіледі.

Ата Заңның алғашында «Біз ортақ тарихы бар, тағдыр біріктірген Қазақстан халқы» деп жазылған сөйлем мағынасының тамыры өте тереңде. Бұл босқа жазыла салған сөз емес. Себебі, Қазақстан халқының бірлігі ел аумағына тоқайласқан жүзден аса ұлт пен ұлыстың ынтымағына негізделген. Олар әр кезінде әртүрлі себеппен біздің атамекенімізге қоныс аударды. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы құрылғаннан кейін елде тұратын барлық ұлттар мен ұлыстар егемен мемлекетті бір кісідей мойындады. Конституция тек мемлекеттің ғана емес, қоғам өмірінің жол көрсетушісі – Ата Заңы болып табылады. Қазақстан халқы – мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі. Мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін талқылау және шешу кезінде құқықтық санасы

жоғары әрбір азамат Конституцияда көрсетілген жауапкершілікті жан-жақты сезінуі қажет. Ата Заңымызды құрметтеп, қорғап және маңыздылығын жоғалтпай сақтау Қазақстан Республикасындағы әрбір азаматтың міндеті мен парызы.

Дүниежүзіндегі елдердің барлығында мемлекеттік басқару тетігі Конституция негізінде және соның аясында жұмыс істейді. Бұл кез келген құқықтық мемлекеттің басты өмірлік нормасы болып табылады. Негізгі заңды орындау арқылы мемлекет медициналық қызметті және білім беруді жақсарту, жаппай тұрғын үй құрылысы, жалақы және әлеуметтік төлемдер мөлшерін көбейту, азаматтарға және отандық кәсіпкерлерге салықты азайту сияқты әлеуметтік мәселелерді шешеді. Қазақстан халқына Конституцияны сыйлау, өзіміз сайлаған Мемлекет басшысын құрметтеу және отандық қорғау міндет. Дүниежүзілік тәжірибеде көрсетілгендей, басты байлық ретінде адамға деген сыйластық, жеке өмірі мен бостандығының қорғалуы, қоғам дамуының айқын көрінісі. Конституция – біздің саяси, мәдени, рухани және әлеуметтік экономикалық дамуымыздың қайнар көзі ретінде танылады.

Н.ЖАКУПОВА,
Жаңақала аудандық сотының
жетекші маманы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ҚОЛДАУ

Мақтаарал ауданында пробацья қызметінің есебінде тұрған азаматтармен кездесу өтті. Шараға ауданның аға прокуроры Жәніс Сәрсенбай, аудандық пробацья қызметі бөлімінің бастығы Нартай Сабаев, аудан әкімі аппараты заң бөлімінің бас маманы Адина Шойғарасева және пробацья есебінде тұрған азаматтар қатысты.

Жиын барысында аға прокурор Ж.Сәрсенбай пробацья есебінде тұрған азаматтар арасында қайта құқық бұзушылық, қылмыс жасайтындар саны азаймай отырғанын айтты. Сонымен бірге, қайталап қылмыс жасағандардың жазасы ауыр болатынын ескерткен Ж.Сәрсенбай пробацья есебінде тұрған азаматтарды жұмыспен қамту бойынша іс-шаралар атқарылып жатқанын жеткізіп, бос орындар туралы мәлімет берді.

– Жұмыспен қамтылған адамның қылмыс жасауға уақыты жоқ деп ойлаймын. Сондықтан, бос жұмыс орындарына орналастыруға, өз кәсібін бастаймын деген азаматтарға түрлі мемлекеттік бағдарламалар арқылы көмектесуге әзірміз. Мұның барлығы жазасыз басқан азаматтар қателігін тағы қайталамас үшін, өмірлерін бүлдірмес үшін жасалғаны белгілі. Сондықтан мүмкіндікті пайдаланып, бұрын жасаған қателіктеріңізді екінші рет қайталамауға шақырамын! – делі аға прокурор.

Мұнан соң сөз алған аудандық пробацья қызметі бөлімінің бастығы Н.Сабаев Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына

СОТТАЛҒАНДАР РАҚЫМШЫЛЫҚТАН ҮМІТТІ



орай мемлекет сотталған азаматтарға рақымшылық жасағалы отырғанын айтты. Мұндай жеңілдікке не болу үшін сотталушылар үздік тәртібі, адамгершілік мінезімен көзге түсіп, тәртіп бұзбауы тиіс.

– Пробацьяның есебінде тұрған сотталған адамдардың басым бөлігі түзелу жолына түсіп келеді. Олар сот жүктеген міндетті мінсіз орындауға тырысуда. Әрине, пробацья қызметінің есебіне тұрғандардың бәрі бірдей ортақ тәртіпке бағынады дей алмаймыз. Өзі жасаған қателікті қайталамауға тырысатындар да, өзіне жүктелген міндетке

салғырт қарайтындар да табылады. Осы жағдайларды сүзгіден өткізе келе заң талабына сай Мақтаарал аудандық пробацья қызметінің есебінде тұрған отыз сотталған азамат рақымшылыққа ілінуі мүмкін, – делі аудандық пробацья қызметі бөлімінің бастығы Нартай Сабаев.

Жиын соңында пробацья есебінде тұрған азаматтар тарапынан көкейде жүрген сұрақтар қойылып, заң шеңберінде тиісті жауаптар берілді. Қазіргі таңда Мақтаарал аудандық пробацья қызметінің есебінде 95 азамат тұр.

Раушан НАРБЕК

БІЛГЕН ЖӨН

ХАТШЫНЫҢ РӨЛІ ҚАНДАЙ?

Судьялардың қызметін қамтамасыз етуде маңызды рөлді сот отырысының хатшысы атқарады. Сот отырысының хатшысы лауазымына жоғары заң білімі бар не мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақтылау лауазымына тиісті функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда кемінде екі жыл жұмыс өтілі болған жағдайда заң мамандығы бойынша арнаулы орта білімі бар адам тағайындалады. Сондай-ақ, олар кеңсе басшысы мен кеңсе меңгерушісіне бағынады және оларға есеп береді.

Сот отырысының хатшысы өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңын, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңдарын, облыстар-

дағы және республикалық маңызы бар қалалардағы сот кеңселері туралы ережені, басқа да нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

Сот отырысы хатшыларының құқықтары мен міндеттері «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) Астана қалалық соты кеңсесі» мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрығымен бекітілген бас маман – сот отырысы хатшысының лауазымдық нұсқаулығында көрсетілген.

Сот отырысы хатшыларының жұмысы сырт көзге қарапайым әрі оңай болып көрінуі мүмкін. Бір қарағанда, сот отырысының хатшылары тараптардың жауабын қағазға түсіріп, хаттама жазып, іс құжатын реттеп отыратын жәй ғана маман сияқты. Алайда, сотта қаралатын кез келген істі өндіріске дайындау сатылары болады. Сот отырысы

хатшысының жұмысы күрделі, көп салалы, сөйте тұра қызықты.

Бұрын құжат айналымы, хаттамаларды толтыру қолмен рәсімделіп, кейіннен жазу машинкасында терілетін болса, қазір сот отырысының барысы дыбыс-бейнежазба арқылы жазылып дайындалады. Сот отырысының хатшысы сот отырысы хаттамасының толықтығы мен дұрыстығына дербес жауап береді.

Судьяның уақытты тиімді пайдаланып, өнімді жұмыс жасауы сот хатшысының біліктілігіне, іскерлігіне тікелей байланысты. Мемлекеттік қызметкер мәртебесін қолдап отыру үшін барлық мемлекеттік қызметкерлер сияқты сот отырысының хатшысына да қойылатын талап әрдайым жоғары.

Сәния МҮСАЙ,
Көкшетау қаласының
мамандандырылған тергеу сотының
бас маман – сот мәжілісінің хатшысы

ЗЕРТТЕУ ІСІ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ РЕСУРСТАРЫН ЖҰМЫЛДЫРАДЫ

Ұлттық Банк экономика саласында зерттеу ісімен айналысқысы келетін ізденушілер арасында іріктеу жүргізілетінін хабарлайды. Ұлттық Банктің Зерттеу және талдау орталығы департаментінің директоры Сәбит Хакімжанов байқаудың тақырыптарына тоқталып, ерекшеліктері мен кезеңдері туралы айтып берді.

– Сәбит Темірханұлы, Ұлттық Банктің зерттеулерге грант бөлу туралы мүддесі неге байланысты және бұл бастаманың нәтижесінен не күтесіздер?

– Біздің мақсатымыз – экономика саласындағы зерттеулерді дамыту. Біз өзіміз үшін қызықты тақырыптарға студенттерді, профессорларды, нарықтағы мамандарды тарта аламыз деген үміттеміз. Грант үшін ұсынылған кейбір зерттеулермен ұқсас. Зерттеулерге қатысты академиялық қауымдастықпен бірге жұмыс істеу зерттеушілерге жаңа шабыт беріп, жаңа бағыттарға жол ашпақ, яғни, тәжірибедегі өзекті мәселелерді айқындауға мүмкіндік береді.

Әрине, бұл тақырыптардың барлығы Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мандатты міндеттеріне тікелей қатысты болады. Яғни, зерттеу тақырыптары ақша-кредит саясаты, қаржылай тұрақтылық пен фискалды саясат аясында болмақ.

Гранттар бөлінетін зерттеу тақырыптарының толық тізімі, сондай-ақ, әрбір тақырып бойынша толыққанды ақпарат, соның ішінде, техникалық тапсырма, байқаудың өтетін уақыты мен жауапты адамдардың байланыс деректері конкурстық құжаттамада жазылған.

ЖОО-лар мен зерттеулер орталықтарының ресурстарын бір ортаға топтастыру – қоғамның ақпарат алу мүмкіндігі мен экономика

тақырыбында пікірталас деңгейін арттырады деп санаймын.

– Бұған дейін Ұлттық Банк гранттарға тек заңды тұлғалар ғана өтінім жолдай алады деп хабарлаған еді. Ал өзінің қызықты ұсыныстары мен идеялары бар жеке тұлғалар қайтпек?

– Дұрыс айтасыз, грант алу үшін ЖОО-лар мен ғылыми-зерттеу ісімен айналысатын ұйымдар өтінім бере алады. Сауалнама жүргізу керек болатын тақырыптар бойынша біз осындай мәліметтерді жинап, өңдей алатын ұйымдардың өтініштерін қарастыруға дайынбыз.

Біз жеке тұлғалардан тікелей өтінім қабылдамаймыз. Алайда, бұл грантқа қызыққан адамдар үшін кедергі болмауы керек. Демек, зерттеу орталығының немесе академиялық ұйымның штаттан тыс қызметкері бола отырып, жеке тұлға ретінде солар арқылы өтінім беруге болады деген сөз. Яғни, өтінішті ЖОО жібере алады, ал орындайтын ұжым, тіпті, аға орындаушы ол мекеменің штаттағы қызметкері болуға міндетті емес. Зерттеу тобын жетекшілік ететін адамның ғылыми дәрежесі, тәжірибесі мен зерттеп отырған тақырыбы бойынша мерзімді немесе ғылыми баспаларда рецензияланған мақаласы жазылған болуы керек.

Бұл талаптардың барлығы экономикалық зерттеулердің сапасын арттыруға бағытталған.

– Байқауға қатысу тетіктері туралы толығырақ айтып беріңізші.

– Байқауға қатысамын деген ЖОО Ұлттық Банктің порталына кіріп, ұсынып отырған зерттеу жұмысының әдістемесін, бюджетін, жұмыс жоспарын, нәтиженің қандай болатынын сипаттап өтініш жолдауы керек. Сонымен қатар өтініш берген тараптың біліктілігін тексеру үшін орындаушы туралы мәліметтерді қоса жазуы қажет.

Өтінішті қалай толтыруға болатыны туралы әдістеме Ұлттық Банктің порталында жарияланған.

– Экономикалық зерттеулер үшін 150 млн теңге бөлінгені белгілі. Бұл қаражат қалай үлестіріледі?

– Бұл қаражат өтініштердің сапасына, немен негізделгеніне қарай бөлінеді. Өтініштерді қараған соң, Ұлттық Банк бір зерттеу тақырыбы бойынша бірнеше грант бөлуге немесе ізденушілерден сапалы өтінім келмесе, бірқатар тақырыптарға мүлде грант бермеуге құқылы.

– Гранттарды ұсыну тәртібіне тоқталсақ, Ұлттық Банк қаражаттың қалай игеріліп жатқанын бақылай ма?

– Бұл гранттар зерттеу жүргізуге кететін шығындарды жабуға арналған. Грантқа ие болған тарап «Грант ұсыну туралы» келісімшартта көрсетілген мерзім ішінде Ұлттық Банкке аралық және қорытынды есеп беруге міндетті. Бұдан өзге, дәлелдейтін құжаттарды ұсынып отырып, бөлінген қаржыны қалай пайдаланғаны туралы есеп ұсынуы керек.

Біздің жоспарымыз бойынша, зерттеу

аяқталған соң, орындаушы рецензияланған академиялық баспаларда зерттеу нәтижесін жариялайды. Бұл жерде автор зерттеуге қаржы бөлген Ұлттық Банк екенін және оның рөлін айқындап өтуі керек. Мұндай талап типтік келісімшартта, конкурстық құжаттамада жазылған.

– Жеңімпаздар қалай іріктеледі?

– Грант ұсынатын комиссия біз академиялық ортадан тартатын тәуелсіз рецензенттердің қорытындысын негізге ала отырып, грант кімге бұйыратынын шешеді.

Комиссия құрамында Ұлттық Банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, Қазақстан қор биржасы мен Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының өкілдері бар.

– Өтінім жолдау үшін ізденуші тараптың қанша уақыты қалды және зерттеу нәтижесін жариялау үшін қанша уақыты бар?

– Өтінім хабарландыру жарияланған күннен бастап 45 күн ішінде, яғни, осы жылдың 10 тамызы мен 24 қыркүйегі аралығында қабылданады. Өтінім берушілерге соңғы күнге дейін созбай, өз ұсыныстарын ертерек жіберуге кеңес береміз, өйткені, соңғы күндері порталға көп салмақ түсіп кетуі мүмкін.

Алдын ала болжам бойынша, өтінімдер осы жылғы қазанның соңына дейін қаралып, грант жеңімпаздары анықталады, кейін олармен келісімшарт жасалады. Ал зерттеу жүргізу уақыты зерттеудің тақырыбына байланысты белгіленеді және ол мерзім техникалық міндеттемеде жазылады. Тақырыптарға байланысты зерттеу уақыты 4, 6 немесе 8 айдан ұзақ болмайды.

ЖАРНАМА

ӘРТҮРЛІ

5. Осы арқылы Колеса жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 970440003326, өзінің жарғылық капиталын азайту туралы хабарлайды. Несие берушілердің талаптары 050008, Алматы қ., Алмалы ауданы, Шевченко к-сі, 157/4 мекенжайында қабылданады.

6. Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылғы 26 тамызындағы ұйғарымымен «АС partners» ЖШС-на БСН 070340010921 қатысты ақтау процедураларын қолдану туралы азаматтық іс қозғалды.

9. Алматы қаласы МАЭС-ның 25.08.2021 ж. ұйғарымымен «Фрахт Сервис» ЖШС-не, БСН 020840000160, қатысты оналту рәсімдерін қолдану туралы іс қозғалды. Мекенжайы: Алматы қаласы, Ходжанов көшесі, 78, 1А орынжай, тел. 87077178202.

10. «Екібастұз қаласының қаржы бөлімі» ММ «Екібастұз қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі» ММ-нің «Екібастұз қаласы әкімдігінің экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі» ММ-не қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Екібастұз қаласы, Энергетиктер көшесі, 62.

11. «РЕИЗ Group» ЖШС (БСН 051140003980) жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Несиегерлердің талап-шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Бекмаханов көшесі, 93 үй.

15. «DOS TRADE» ЖШС, БСН 120840007892, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Несиегерлердің талап-шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай қаласы, Кәмшат Дөненбаева көшесі, 80 құрылыс.

18. «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ, 2021 жылғы 24 тамыздағы № 67 (3566) «Заң газеті» қоғамдық-саяси құқықтық газетінде жарияланған «Әлия Молдағұлова халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамының 100% акциясын кейіннен сатып алу құқығымен 3 жыл мерзімге сенімгерлік басқаруға беру бойынша 2021 жылғы 9 қыркүйекте Нұр-Сұлтан қаласы уақыты бойынша сағат 11:00-де мемлекеттік мүлік Тізілімінің веб-порталында жоспарланған www.gosreestr.kz электрондық тендер өткізудің тоқтатылғаны туралы хабарлайды.

ТАРАТУ

2. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Хромтау отбасы үлгісіндегі балалар үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 030640013781, Ақтөбе облысы әкімдігінің 26.07.2021 жылғы № 242 қаулысымен таратылатындығын хабарлайды. Кредиторлардың ұсыныстары мен талаптары осы хабарлама ресми жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде келесі мекенжайда қабылданады: пошталық индекс 031100, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Хромтау қаласы, Куразова көшесі, 11 үй.

4. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Мәртөк отбасы үлгісіндегі балалар үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 160940007902, Ақтөбе облысы әкімдігінің 26.07.2021 жылғы № 243 қаулысына сәйкес таратылатындығын хабарлайды. Кредиторлардың ұсыныстары мен талаптары осы хабарландыру жарық көрген күннен бастап 2 ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Индекс 030600, Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Мәртөк ауылы, Иманов көшесі, 47 «А».

7. Бұланды ауданы Білім бөлімінің «Әдістемелік кабинет» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 171040032955, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020500, Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Лесная көшесі, 7.

8. «Тайма» қоғамдық бірлестігі ұйымы, БСН 000340016363, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Арыс қаласы, Салықбаев көшесі, 22 үй. Тел. 87026900454.

14. «Sun LvL» ЖШС («Сан Лъвэл» ЖШС), БСН 150440011138, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 130000, Ақтау қаласы, 6 ықшамаудан, 25 үй, н.п.2. Тел.: 87718158385.

ЖОҒАЛТУ

3. Машина жасаушылар атқарушы комитетінің 12.06.2015 ж № 10 қаулысымен бекітілген «КазИнж Электроникс» АҚ кәсіподақ ұйымы туралы ереженің жоғалған түпнұсқалары жарамсыз деп саналсын.

МҰРАҒЕРЛІК

12. 11.01.2021 ж. қайтыс болған Қарымсақов Еркымбайдың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 83, «Нотариус» кеңсесі мекенжайы бойынша нотариус Д.Е. Аубакироваға келуі қажет. Тел.: 87010747575, e-mail: ade2014@mail.ru.

17. 18.07.2021 ж. қайтыс болған Сүлейменов Мейрамбек Смагуловичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар ШҚО, Семей қаласы, К.Мұхамедханов (бұрынғы Интернациональная) көшесі, 47 мекенжайы бойынша нотариус Рахимов Махсат Нуртулеуовичке келуі қажет. Тел.: 525763 (18.01.2022 ж. дейін)

16. Адырбекова Бибісара Нұрманованың қайтыс болуына байланысты атына мұра ашылды. Нотариус Тілепов Талғат Өтегенұлы. Жұмыс тел.: 8725334-12-34, 87016565788. Адресі: Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, №301 үй.

ГАЗЕТИМІЗ БӨЛШЕК САУДАДА:
Нұр-Сұлтан қаласы, Сейфуллин көшесі, 47/1 және Абылай хан даңғылы, 36 Б мекенжайларында «Алты алаш» дүңгіршектерінде сатылады.
Тел.: Анар 8 747 799 79 03.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zanreklama@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.

ТЕЛЕФОН: 292 29 27, 8 708 929 9874

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-29-27,
292-40-89,
факс:
8 (747) 428-26-10

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«KAIOS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kadybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73
www.gazetyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қимылысы, 208 кеңсе.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхамедханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме.
Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (711) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштары. argawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызыл-орда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

Тергеуші, полиция майоры Ержан Сүйіндіқұлы Кенесарин Тергеу басқармасының бастығы, полиция полковнигі Нұрмахан Жалғасов ұсынған іспен танысып отыр.

Қылмыс биыл, яғни 2020 жылғы маусымның 22-сінде, бұдан үш айдай бұрын болған. Кентау қаласындағы Сардала көшесінде. Дәлірек айтқанда, 27-үйдің тұсында. Айдар Күмісбаев деген алпыс төрт жастағы азаматтың жансыз денесі таңата сол арадан табылған. Мұрын, бет сүйектері, мойын омыртқасы, бірнеше қабырғасы сынған. Құлағынан қан кеткен. Миы мен өкпесі ісініпті. Сот-медициналық сараптама қорытындысында солай жазылған. Бұдан басқа сот-биологиялық сараптама қорытындысы бойынша, марқұмның футболкасындағы қан өз қаны екені анықталыпты. Басқа сараптама жасалмаған. Тергеу-тексеру ісі екі айдан соң қылмыс ашылмады деген себеппен тоқтатылыпты. Бұны не деуге болады? Салғырттық па, әлде тәжірибесіздік пе?

Тергеуші алдындағы іс қағаздарынан көзін айырып, бірауық ойға багты. «Қалайша ашылмаған? Қалайша бір белгі қалмаған? – деді өзіне өзі іштей. – Өмірдің өзі толған белгі ғой».

Жергілікті тергеушінің қылмыс болған манда тұратын тұрғындардан алған түсініктерін оқып отырса, ешкім ештеңе білмейді, ешкім ештеңе көрмеген. Бәрі-дағы марқұм Айдардың танытынын, базарда пістемей сататынын айтады. Майын қоларбаға салып, базарға бара жатады дейді, базардан үйіне қайтып келе жатады дейді, қоларбасын сүйреп. Аздап жұтатынын да жасырмайды. Бірақ жұртқа зияны жоқ, момын адам еді дейді... дейді... дейді... Бірақ қылмысқа қатысты бір дерек айтпайды. Үйдің іргесінде біреуді біреу тепкілеп, өлтіріп жатқанда, оның ойбайлаған дауысы қалайша құлақтарына жетпейді? Соған таң. Мына бір түсінікте жазған Олжабай деген кісі де ештеңе естімепті. Қылмыс болған күннің ертеңіне «Жігіт болған балаңыз Қалихан қайда кетті?» деген сауалға нақты жауап бере алмаған. Қайда жүргенін білмейді. Шешесі Боранқұлдың де, келіншегі Жазираның да айтатыны сол. Оншақты күн өткен соң тағы сұрау салса, хабар-ошар жоқ дейді. Қалайша? Отыздан асқан арыстай азаматын жоғалтып, адам деген жайбарақат отыра ма? Күдік деген осы емес пе? Жо-жоқ, бұны тексермесе болмайды.

Ержан Сүйіндіқұлы осы оймен істің соңғы бетін жапты.

Адам өліміне байланысты қылмысты ашу жолында қайда бармады дейсің. Облыстың, облыстан асып, республиканың талай қиырын шарлаған. Қылмыстың тамыр жаймайтын жері жоқ деген рас. Алайда сонша жерді шырлағанда мынау тұрған Кентауға бармапты. Енді міне, тергеуші ретінде бұл жерге де жолы түсті. Бір емес, екінші рет келіп тұр.

Мынау сол, қылмыс болған көше. Манайын шолды. Өткенде де осылай көше бойлап көп жүрген. Халықпен сөйлескен. Сонда ғой, марқұм жәбірленушінің Қалиханнан қорқып, оның үйінің жанымен жүрмей, алыстан орағытып өтетінін естігені.

– Е-е, неге қорқады? – деп сонда кадалып сұрады бұл.

– Ой, ол... Қалихан солай. Аузына арақ тиді ме, көрінгеннің жағасынан алып жатқаны, – деді әңгімеге тартқан жігіт ағасы. – Айдарды да солай жасқаншақ қып тастаған. Жеңілген одан. Не істесің, шалдың аты шал ғой.

Бұл да күдікті қоюлата түсетін жағдай.

Қалиханның үйі сол арадан үш үй әрі, төртінші үй. Ауласында машина жуатын шағын орын ашқан. Үйді айналдыра бейнекамера қойып тастапты.



ЖАПТЫРАҚҚА ЖҰҚҚАН ҚАН

ӨМІРДЕРЕК



Осы күрмеуі қиын іске төрелік еткен Тұрысбек Мыятбеков Түркістан облыстық сотының төрағасы. ҚазМУ-дың заң факультетін тәмамдаған Тұрысбек Ерболғанұлы сот саласында үлкен тәжірибелі мектептен өткен. Еңбек жолын Алматы қаласы Алатау ауданы халықтық сотында аға сот орындаушы қызметінен бастаған Мыятбеков 1996 жылдан бері сот саласында жемісті еңбек етіп келеді. Түркістан облыстық сотының төрағалығына дейін Алматы қаласының Соттар әкімшісі, Алматы қалалық сотының қылмыстық, азаматтық алқаларының судьясы, Алматы қаласы Бостандық аудандық №2 сотының, Алматы облысы Талғар аудандық сотының, Алматы қаласы Жетісу аудандық №2 сотының төрағасы қызметін атқарған.

Ал істі алғашқы сатыда қараған Қасым Қалмағамбетов Қазақ гуманитарлық заң университетін бітірген. Алматы қаласында аудандық, қалалық соттарда судья қызметін атқарған. Қазір Түркістан облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы.



– Камерасын тексерейік, – деді Ержан бірге еріп келген жергілікті полиция қызметкеріне. – Мүмкін бір мәлімет біліп қалармыз.

Бұларды үй иесі мен оның әйелі жақтырмай қарсы алды.

– Біздің сізде бір бұйымтайымыз бар еді, – деді Ержан сәлемдесіп, өзін таныстырған соң. – Мынау бейнекамера істеп тұр ма?

– Иә, істейді.

– Онда біз қазір хаттама толтырып, бейне тіркегішіні аламыз. Сараптама үшін.

– Кейін қайтарасындар ғой.

– Әрине.

...Көп ұзамай сот компьютерлік-техникалық сараптама қорытындысы шықты. Ол бойынша бейнетіркегіштің қатты дискісі алынып тасталғаны анықталды. Бұл жағдай күдікке күдік қоса түсті де, Қалиханды жауап алуға шақырған.

– Сараптама сіздің үйдегі бейнетіркегіштің қатты дискісі жоқ екенін анықтады. Онсыз жазба жазылмайды. Ол қайда? Әдейі алып тастағанысың ғой.

– Білмеймін. Тиіскем жоқ.

– Бейнетіркегіш қатты дискісіз сатылмайды. Қалай білмейсің?

– Шымкент жактан біреу келіп қойып берген. Бес-алты жыл бұрын. Мен о жағын түсінбеймін.

– Жарайды, – деді тергеуші бұдан ештеңе шығара алмағанына қапаланып.

– Онда мынаны айт, өлім болған күннің ертеңіне үйіңнен кетіп қалыпсың. Түркістандағы жезденнің үйіне жатып алыпсың. Неге кеттің?

– Әйеліммен ұрысып қалдым. Әкем де ұрысты. Кет деп қуды.

– Неге?

– Өз қатының болған соң ұрысасың да.

өткені жазылып қалған шығар. Басқа бұйымтай жоқ.

– Е-е, қарай бер. Қарсы еместің, – деді әйел «басқа ештеңе сұрамағаныңа шүкір» дегендей жымыпп.

Хаттама толтырып бұл үйден да бейнетіркегіш алынды.

«Тергеушілік жұмысты қойсаншы бұл! Тірнектеп жинайсың кеп, жинайсың кеп. Ұсақ-түйекке дейін тіміскілеп

жүргенің. Осы қызметке қайдан ғана қызықты екен?»

Әрбір жаңа істі қолға алған сайын ойлайтыны осы. Жанын жеп бітеді. Бәрі жұмбақ. Сондай түк жоқ жерден киноның сценарий саяқты оқиғаны нанымды етіп жазып бітірген күнгі рахаттануды айт. Жазу демекші... қылмыс барысын майын тамызып әңгімелеп беретің біреу бар ма екен? Жоқ қой. Оқиға қылмыскер мен куәлердің түсініктері мен сұраққа жауабынан сузырпақтап алынады. Инемен құдық қауған деген, әне, сол. Оның үстіне қылмыскердің әрбір қимылын заттай айғақпен дәлелдемесең, бар еңбегің зая. Құр сөзбен сотты иландыру мүмкін емес. Тергеушілік қызмет – күдіктер мен үміттердің арналысы.

Ұзын-сонар ойдан арыла алмай қайтты Кентаудан. Кентау оқиғасы күндіз-түні миын қажайды. Қазір де сол. Марқұм Айдар мен Қалихан ілінісіп қалған. Сол күні емес. Бір айдай бұрын. Жұрттың айтқан мінездесінен түйгені – Қалихан шатақ, қырсық. Біреуде өші болса, қыр соңынан қалмайды. Бірақ солай екен деп, адам өлтіргіге жатқыза салмайсың ғой. Кім кіммен ілініспей жатыр? Соның бәрі бір-бірін өлтірсе, жер бетінде адам қала ма?

Иә, айтпақшы, сол күні ол мас болған екен ғой. Оған дәлел бар. Соның бәрі ерінбей сұрау салудың арқасы. Адамның өз көзімен көргені мына жазылып қалады. Өшірілмейді. Өшірілсе кейін еске түспей қоймайды. Мида

жазылған ақпарат сыртқа сөз болып шығады. Сол күні кешкілік көлік жуу орнында Жандар деген жігіт кіріп-шығып жүргенін көршілердің бірі көріпті. Көргені жадында жатталып қалған. Сол кейін өзінің құлағына жетті. Жандар деген кім? Қалиханның танысы. Қонаев көшесінде тұрады. Ал Жандар айт, мойкада не істедіңдер, тағы кім болды? Жандардың айтқан жауабы қараңғылықты түрген жарықтай біраз нәрсені айқындап тастады. Байрам екеуі үш литр сыра алып Қалиханға барған. Ішкен. Ол аз боп қалған соң, Қалихан Жандарды сыраға жұмсаған. Ақшасын смартфон арқылы Каспи голдпен өзі төлеген. Онысы банк бөлімшесі арқылы анықталды, сағат кешкі сегіздерден өте сыра сататын дүңгіршік иесіне ақша аударған. Бұл оның ішкенінің дәлелі. Ал мас неме бұрын ерегесіп қалған адамды көрсе, жыны қозып кететіні белгілі. Иә, иә бұл да бір болжам ғой. Мас адамның бәрі адам өлтіре бере ме... Мас демекші, Қалихан әйеліммен ұрысып қалып, үйден сосын кеттім деп еді ғой. Ұрыса, ұрысқан шығар, мас адамды әйел жақтыратын ба еді. Соған қарағанда одан бекер күдіктеніп жүрмеймін.

Тергеуші Ержан Сүйіндіқұлы ойдан ой қуалап, үйіне қалай жеткенін аңғармай қалыпты.

Күдік пен үміт кезек ырғасқан күндер қажытып жіберген еді. Бүгін үміт оты алаулап қоя берді. Қалиханның көршісінен алынған бейнетіркегіш кәдеге асты. Міне сол түнгі түсірілім... түнгі сағат бірден отыз сегіз минут кеткен уақыт. Көшеде үйіне қарай Айдар өтіп бара жатыр. Оның соңынан, бес-алты метрдей жерде өкшелеп Қалихан барады. Ал ендіме? Бұдан артық қандай дәлел керек?!

Қалихан мен оның келіншегі Жазираның сұрақ-жауапқа шықырылғаны осыдан кейін.

– Қалихан Олжабайұлы, тағы сұраймын, сол күні, яғни маусымның 21-інен 22-сіне қараған түні қайда болдың?

– Қайда болам? Үйде болдым.

– Бұрын берген түсініктемеңде сағат 11-де 30-да ұйықтап қалдым депсің? Соны растайсың ба?

– Растаймын. Ұйықтап қалдым.

– Әкең түнгі сағат он бірден екі жарымға дейін саған бірнеше рет қоңырау шалған. Сені іздеген. Демек үйде болмағаның.

– Дыбысын басып тастап ұйықтаған шығармын.

– Сол түні Айдар Күмісбаевты көрген сияқтысың ғой.

– Қалай көрем? Көргем жоқ.

– Есіңе түсір, түнгі сағат біржарымдарда марқұм Айдар Күмісбаевты көрдің. Ол үйіне қарай кетіп бара жатқан, оның соңынан сен бара жатыпсың.

Тергеуші осыны айтқанда Қалиханның көзі шапыраштанып кетті.

– Жоқ! Көргем жоқ!

– Қазір есіңе түсірем.

Тергеуші экранды нұсқады. Экраннан Айдардың соңына ілескен өзін көрген оның тілі байланып, үндей алмай қалды.

– Иә, есіме түсті, көрген екенмін, – деді бір уақытта жаси сөйлеп. – Бірақ ол үйіне қарай бұрылып кетті, мен әрі кеттім. Итім босап... мен соны іздеп...

Сұрақ-жауапқа Қалиханның келіншегі Жазира тартылды.

– Қалихан сол түні мас болыпты. Қаншалықты мас болды?

– Білмедім.

– Күйеуінің қандай жағдайда келгенін қалай білмейсің?

– Ол сыртқа, сәкіге жатып қалыпты... үйге кірмей.

– Неге ұрысып қалдыңдар?

– Ұрыспалдық.

– Ендіше ол неге кетті үйден?

– Білмеймін. Ата-енеме де айтпай кетіп қалыпты. Шабашқада жүр ме деп ойлағам.

(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансаия Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақжан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75. Шадыр Мекенбайұлы 8 775 335 66 5
Шығыс Қазақстан облысы	Талғатжан Мұхамдиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмухамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43; 292-79-61

E-mail: zanklameastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №124 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zankmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31